



11 желтоқсан, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

3

Баспаналы болу – бір бақыт



5

Тәуелсіздіктен тартылым алуға тиіспіз




6

Жауһар жырдың жалғасы



8

Көгермен көңіліне көшкен қойылым



● ПРЕЗИДЕНТ

«ӨСІМ ҚАРҚЫНЫНА КӨНІЛ ТОЛАДЫ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) биылғы қорытынды отырысы бейнебайланыс режимінде өтті.

Жиын барысында Жоғары кеңестің Құрметті төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин және ЖЕЭК-ке бақылаушы мемлекеттердің басшылары ретінде Куба Президенті Диас-Канель Бермудес пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев отырысты ашып, оған модератор болды. Мемлекет басшысы сыртқы факторлар мен карантиндік шектеулерге карамастан, Одақ аясындағы макроэкономикалық көрсеткіштердің өсім қарқынына көңілі толатынын атап өтті.

– Биылғы 9 айдың ішіндегі өзара сауда-саттық көлемі 32,5 пайызға артып, 52 миллиард долларға жетті. Бұл пандемияға дейінгі көрсеткіштен 16,5 пайызға жоғары. Одаққа мүше елдер арасындағы экспорт көлемі ұлғайды. Мысалы, Қазақстан экспортының өсім көлемі 39 пайыз болды. Салыстырмалы түрде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа да елдердегі экспорт көлемі артқан, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Одақтың төрағалығына кіріскен кездегі бірлескен жұмыстардың бес бағытына, атап айтқанда, өнеркәсіптік кооперацияны күшейту, өзара саудалағы кедергілерді жою, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, цифрландыру, сондай-ақ үшінші елдермен сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту мәселелеріне тоқталды.

– Мұның бәрі бір күндік жұмыс емес екенін түсінеміз. Дегенмен, қазірдің өзінде олардың кейбірі табысты жүзеге асырылып жатыр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның төрағалығы барысында атқарылған бірлескен жұмыстардың нәтижелеріне егжей-тегжейлі тоқталып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің үкіметтері мен Еуразиялық экономикалық комиссияның атқарған жұмыстары үшін ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жаңа сын-қатерлер жағдайында назар аударуды қажет ететін бірқатар ұсыныс айтты.

Атап айтқанда, Президент цифрлық өнім мен электронды қызмет көрсетуге деген сұраныстың зор екенін атап өтті. Оның пікірінше, қазірдің өзінде әлемдік машина жасау нарығында микрочиптер мен компьютерлік құралдардың тапшылығына қатысты жүйенің жиі істен шығу деректері байқалады.

2-бет

● КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

«Тәуелсіздік бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды»



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі Сыр елінде апта басынан бері ерекше сан-салтанатпен атап өтілуде. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтің қатысуымен өткен іс-шаралар жұртшылыққа мол қуаныш сыйлады.

Сб Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Мерейлі мерекеге арналған іс-шаралар легі кеше де өз жалғасын тауып, «Достық үйінде» «Жасампаздыққа толы жылдар» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Оған облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экономикалық

реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Ғалым Әміреєв, облыстық мәслихат хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Байкадамов, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, облыстық мәслихат депутаты Қылышбай Бисенов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қалқазбек

Әжібеков, акын, облыстық мәслихат депутаты Шәкізада Әбдікаримов, басқа да облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының оқытушылары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, облыстық этномәдени бірлестіктер мен жастар ұйымдарының жетекшілері және онлайн байланыс арқылы аудандардағы зиялы қауым өкілдері қатысты.

Конференцияны облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова ашып, жүргізіп отырды.

– Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың аңсар арманы, даналарымыздың үзілмес үміті, Алаш ардақтыларының жаны пида болған

кастерлі де қасиетті бағымыз. Тұңғыш Президентіміздің батыл қадамдарының, тарихи шешімдерінің және оған қолдау көрсеткен халқымыздың бірлігі мен қажырлы еңбегі нәтижесінде ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар жүргізілді. Шекарамыз бекіді, әлем мойындаған мемлекетке айналдық. «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласында бұл жылдарға баға берген Елбасы: «Мен отыз жыл бойы халқымызды қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқылттырмай, қайранға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына

костым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін менгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысымыз да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын», – деді. Астаналар мекені атанған, Алаш зиялылары мен ардақтыларының арманын тоғыстырған, қасиеті қымбат, көмбесі асыл Сыр өңірі тәуелсіздік жылдарында зор табыстар мен жасампаз жетістіктерге қол жеткізді, – деген облыс әкімі жиналғандарды мерекемен құттықтап, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

3-бет

● САПАР

Мереке қарсаңындағы көл-көсір қуаныш

Сырдария – облыс орталығына ең жақын орналасқан аудан. 38 мыңнан астам халқы бар ауданның негізгі кәсібі – ауыл шаруашылығы. Мал бағып, егін егеді. Басты дақыл – күріш өндіруде ірі шаруашылық құрылымдары жетерлік. Ең қуаныштысы – биыл Теренөзек кентіне газ тартылып, тұрғындардың 70 проценті «көгілдір отынның» игілігін көруде.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, бірқатар нысанның жұмысымен танысты. Аймақ басшысы алдымен Ақжарма ауылындағы жаңадан іске қосылған күріш ақтау зауытында болды.

Аудандағы ірі шаруашылықтың бірі саналатын «Ақжарма-2» шаруа қожалығы күріш ақтау зауытына 50 млн теңге қаржы жұмсаған. Өндіріс орны тәулігіне 50 тонна күріш ақтауға қауқарлы. 10 адам жұмыс істейтін зауытта күріштің «Янтарь», «Сыр сұлуы», «Лидер»



сортның өнімі шығарылуда.

– Шаруашылықтың басты саласы – егін егу. Қосымша мал өсіреміз. Көктемде 2030 гектар күріш ектік. Нәтижесінде гектарына 60 центнерден өнім жинадық. Бұған қоса бидай мен жоңышқа да бар. Мал азығы ретінде жұмысшыларға жеңілдетілген бағамен сатылып, әлеуметтік көмек есебінде де тараттық. Өздеріңіз куә болғандай, жаңа зауыттан нарық сұранысына сай ақ күріш шығарамыз. Ал тазартылған күріштің қалдығынан жем дайындалады, яғни зауыт қалдықсыз өнім шығарады, – дейді шаруа қожалығының төрағасы Шәкізамен Айтанов.

2-бет

● ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

ЖАҢҒЫРҒАН «ЖІБЕК ЖОЛЫ» Сырдың да тіршілік өзегі

Қазақстан Тәуелсіздік табалдырығын аттаған сәттен бері нарықтың барлық жүгін мойынға артты. Несін жасырамыз, құлдыраған экономика аяқтан тұрады дегенге сенбеушілер көп болды. Әдетте, алып мемлекеттен бөлініп, аяғын енді ғана апыл-тапыл басқан жас мемлекетті дәл қазіргідей нық тұрады деуге көбінің аузы бара қоймаған. Осы сәтте Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қажырлы еңбегін ел айқын сезінді.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Әлемге белгілі көшбасшыларға тән ең басты бір қасиет бар. Ол – ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астында ұйыстыра білу. Расымен мықты хәм көреген басшының қолынан ғана келетін дүние еді бұл.

Нұрсұлтан Назарбаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен бірнеше мәрте келді. Қасиетті топырақты басып тұрып, бір ғана түйін сөзбен,

«Сыр – Алаштың анасы» екенін нықтап берді. Тарихи өлкенің қарыштап дамуына қолдауды да аямады.

Жоғарыда айтқандай, әр сапары Сыр жеріне оң өзгеріс әкелді. Бұған мысал да, өткен күндер шежіресін ақтарсаңыз, дәлел де жеткілікті. Шалқынған теңізді сақтау үшін бір ғана «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін

сақтау» (САРАТС) жобасын айтсақ та болады. Жоқ, мұның арасында бір кездері тарау алдында тұрған облыс статусын сақтау мәселесі, отандық ғарыш кеңістігін дамыту сияқты шешімдер тарих бетінде ерекше оқиға болып қатталды. Ұрпақ жадында сақталатын бұл оқиғалар Тәуелсіз Қазақстанның бір өлкесі – Қызылорда аймағы үшін өте маңызды болатын.

Иә, Тәуелсіздіктің тағы бір үлкен сыйы болды. Бұл – халыққа ең қажетті жоба еді. Техникасы күн сайын жаңарған әлемде Қазақстандағы жол мәселесі күрделі болғанын жасыра алмаймыз. 30 жылдың ішінде көлік қатынасын реттеу, республикалық автомобиль жолдарын жаңалауда ауқымды жұмыс жүрді.



4-бет



Шекті межені көтеру мерзімі ұзарды

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке зейнетақы қорындағы қаражатты пайдалануға қатысты шекті межені көтеру мерзімін 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартуды тапсырды. Бұл туралы Мемлекет басшысының баспасөз қатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев зейнетақы жинақтарының шекті межесін көтеру туралы шешімге қатысты көпшіліктің өтінішіне құлақ асты. Шекті меже келесі жылдан бастап ең төменгі жалақының өсуіне байланысты көтеріледі. Зейнетақы жүйесінің негізгі міндеті – азаматтарды зейнетке шыққаннан кейін қажетті жеткілікті табыспен қамтамасыз ету. Сондықтан зейнетақы жинақтарының шекті межесін көтеру жөніндегі шешім – негізінен осы бағыттағы дұрыс қадам.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы зейнетақы қорындағы шекті межеден асқан қаржысын пайдаланып үлгермеген азаматтарды қолдап, Үкіметке бұрынғы шекті межені көтеру мерзімін 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартуды тапсырды», – делінген жазбада.

«ӨСІМ ҚАРҚЫНЫНА КӨҢІЛ ТОЛАДЫ»

– Осыған байланысты үкіметтерімізге ғылыми-зерттеу институттарын қатыстыра отырып, машина жасау саласы үшін микро-чиптер мен компьютерлік құралдар шығару жөніндегі бірлескен кооперациялық жобаларды жүзеге асыру мәселесін пысықтауды тапсыру ұсынылады. Кәсіпорындарымыздың қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өндірістік база құру қажет, ал содан кейін экспортты жолға қоюға болады, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев құрғақтағы тасымал мәселесін дамытуды, «жүрдек» трансқұрылық дәліздерді ретке келтіруді және олардың өңірлік және жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуді өзекті санайды.

1-бет

Осы ретте Президент Еуразиялық экономикалық одақтың тауар өткізу желісін құруға қатысты елдеріміздің бастамаларына назар аударды.

– Қазақстан кейінгі екі жыл бойы Көтерме-тарату орталықтарының ұлттық желісін құру жұмыстарын жүргізіп келеді. Біз Одаққа мүше елдердің тауар өткізу жүйесін қалыптастыруға және интеграциялауға белсенді атсалысуға дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы кедергілерді, шектеулер мен алып қоюларды дәйекті түрде қысқартудың маңызды екенін айтты. Биылғы ақпан айында өткен Алқа отырысында Кедергілерді бөлуін әдістемесі бекітілді. Енді кедергілерді қарастырып, жүйелеу үдерісі, яғни олардың түрі мен қолданылу мерзімі бизнеске тиімді болу үшін регламенттелді. Президент

шағын және орта кәсіпорындарды еуразиялық интеграция және кедергісіз сауда үдерісіне тарту ісін жалғастыруға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының тиімділігіне және оның Одаққа мүше мемлекеттермен өзара ықпалдастығына арнайы тоқталды. Президент бес елдің мүддесін ескере отырып, бірыңғай әрі тұтас экономикалық саясатты қалыптастырудың көп еңбекті талап ететін күрделі жұмыс екенін атап өтті.

– Біз биылдан бастап Еуразиялық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиясын іске асыруға кірістік. Стратегияның ережелерін қатаң сақтап, Одақтың қазіргі құқығы аясынан шықпау керек деп есептеймін. Біздің жұмысымыз бен Одақтың қызметі жалпы сыртқы серіктес елдердің

зор қызығушылығын туғызып отырғанын ескеру маңызды. Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті сөзін қорытындылай келе, өзара құрмет пен конструктивті диалогты сақтауға бейілді болу Одақ аясындағы ұзақ мерзімді әрі берік ынтымақтастықтың негізі екенін атап өтті.

2022 жылы Еуразиялық экономикалық одақ органдарына Қырғыз Республикасы төрағалық етеді. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Садыр Жапаровты құттықтап, алға қойған мақсатқа сәтті қол жеткізуіне тілектестік білдірді.

Кенейтілген форматта өткен шара соңында Еуразиялық одаққа мүше елдердің басшылары талқылауды шағын құрамда жалғастырды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ АТАНДЫ

Сыр елінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерейтойы аясында егемен елдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірқатар азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Н.Бексезанов атындағы қазақ академиялық драма театрында өткен салтанатты жиында Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Сыр елі жұртшылығын Тәуелсіздіктің мерейтойымен құттықтап, мемлекеттік наградаларды табыс етті.

Мерейтойлық салтанатта сыр-бойылық азаматтар «Парасат», «Құрмет» және III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендерін, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медалдарын, ҚР Құрмет грамотасын иеленді. Сондай-ақ, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қазақ елінің тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Токтар Әубәкіровке, бұрынғы Су шаруашылығы министрі Нариман Қыпшақбаевқа, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлына Қызылорда облысының Құрметті азаматы атағын табыс етті.

Токтар Әубәкіров 1946 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. 1989 жылы бірінші болып авиатасушы крейсердің алаңқайына «МиГ-29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ, реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізген. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарышта биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары, ҚР Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің бас директоры – Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, ҚР Прези-



дентінің кеңесшісі лауазымдарын абыроймен атқарды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-шақырылым депутаты, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 13-шақырылым депутаты, Қызылорда облысынан ҚР Парламенті Мәжілісінің 3-шақырылым депутаты болып сайланған.

Нариман Қыпшақбаев 1934 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. 1974 жылдан тәуелсіздік алғанға дейін Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігін басқарды. 1990 жылы Су ресурстары мемлекеттік комитетінің төрағасы болып тағайындалған. Тәуелсіздік жылдары

Су кодексі жобасының әзірленуіне жетекшілік жасап, Орталық Азия, Ресей Федерациясы және Қытай мемлекеттері арасында трансшекаралық өзендердегі су ресурстарын пайдалану жөнінде халықаралық ұйымның құрылуына, соның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан мемлекеттерінің Президенттері құрған Халықаралық Аралды құтқару қорының жұмысына үлесі зор. Қазіргі таңда Арал, Сырдариядағы су деңгейі мәселелеріне қатысты ұсыныстарын жеткізіп, ел мүддесіне қызмет етуде.

Мұрат Бақтиярұлы 1958 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген.

1986-1998 жылдары Қызылорда педагогикалық институты тарих кафедрасының аға оқытушысы, кафедра меңгерушісі, тарих және құқық факультетінің деканы қызметтерін атқарып, білім саласының дамуына зор үлес қосты. Тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылым докторы, профессор. Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары лауазымын абыроймен атқарды. Қазіргі таңда ҚР Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым жөніндегі Комитет төрағасы.



мерекесіне орай партиялық наградаларды салтанатты табыстау шарасы өтті.

«Белсенді қызметі үшін» төсбелгісі табысталды

Аймақ басшысы мерейтойлық құттықтауын жеткізіп, бірқатар азаматтарға марапаттады.

– Баршанызды ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтаймын! Ел мен Елбасы – егіз ұғым десек, Тәуелсіз Қазақстанның іргетасы қаланып, шекарасы шегенделіп, бүгінгідей беделді әрі қуатты мемлекет болуында Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі ерекше.

Қазіргі таңда халқымыздың қолдауымен және «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттары жиынтығында айтылғандай саясаттағы сабақтастығымыздың арқасында Елбасы салған сара жолды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жалғастыруда.

Елбасы бастамасымен құрылған «Nur Otan» партиясының да 20 жылдан астам уақытта Тәуелсіз Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық өркендеуін қамтамасыз етудегі рөлі жоғары, – деді облыс әкімі.

Жиында партия бастамаларына қолдау білдіріп, белсенділік танытқан 15 партия мүшесі «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Атап айтқанда, жанакорғандық партия ардагері Изадил Нарзилдаев, Байқоңыр қаласының тұрғыны, партия ардагері Райхан Байшореева, 4 дүркін Әлем чемпионы, «Мұз айдыны» спорт кешенінің директоры Илья Ильин, ақын, 3 мәрте «Алтын домбыра» иегері, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просперстік орталығының басшысы Мұхтар Ниязов және тағы басқа белсенді азаматтар бар.

Мереке қарсаңындағы көл-көсір қуаныш

Айта кету керек, шаруашылық жақында ғана жыл қорытындысымен ең үздік екі бригадирге көлік мінгізіпті. Ал озат жұмысшыларға тұрмысқа қажетті техникалық заттар мен үй жиһаздары сыйға берілген.

Төрағаның айтуынша, 2017 жылы 7 млн теңгеге 10 гектар алма бағы егілген. 3500 түп алма ағашы бар бақта 5 адам жұмыс істейді. Алдағы уақытта шаруашылық тәулігіне 500 литр сүт өңдейтін зауыт салмақ. Соған орай қожалықтағы снырдың санын көбейтуде. Сондай-ақ ауыл ішінде көкөніс сақтау қоймасы мен жылыжай салу жоспарланып отыр.

Сырдария сапарында облыс әкімі Тереңөзек кентіндегі 2 пәтерлік 5 үйдің кілтін тапсырып, баспанаға қол жеткізген отбасылар қуанышын бөлісті. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы арқылы салынған үйлер әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға беріліп отыр.

– Жыл сайын өңірімізде түрлі нысандар бой көтеріп, көркейіп-көркітене түседі. Халықты тұрғын үймен қамту да – жолға қойылған жақсы істердің бірі. Бүгін 710 шаршы метрді құрайтын 2 пәтерлік 5 тұрғын үй құрылысы аяқталып, халық игілігіне берілді. Жыл соңына дейін тағы да 63 отбасы жаңа баспанаға ие болады деп жоспарлан отырмыз.

Әр отбасына береке-бірлік, амандық тілеймін. Жаңа қоныстарыңыз құтты болсын, шаңырақтарыңыз шаттыққа толысын! Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! – деп аймақ басшысы баспаналы



болған отбасыларды құттықтады.

Биыл республикалық бюджеттен қажетті қаржы қаралып, 30 тұрғын үй сатып алу жоспарлануда. Жыл соңына дейін 11 елді мекенде 33 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, кезекте тұрған көпбалалы отбасыларға берілмек.

– Ең қастерлі мереке – Тәуелсіздік күні қарсаңында баспаналы болып, қуанышқа кенелдік. Өзім көпбалалы анамын. Мемлекеттік бағдарламаның көмегімен қол жеткізген жаңа шаңырағымызда күт-береке болсын деп тілеймін. Қуанышымызды бөлісе келген облыс әкіміне, ел ағаларына аналық алғысымды білдіремін. Мереке құтты болсын! – деп 7 баланың анасы Гүлжазира

Ерденева ақжарма тілегін жеткізді.

Мұнан соң, облыс әкімі «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы күрделі жөндеуден өткен орталық стадионға барды. Спортшылармен кездесіп, пікір алмасты. Әрі қарай «Аққұм Жер» ЖШС-нің құрама жем шығаратын зауыт жұмысымен танысты. Мұнда күніне 60 тонна жем өндіріледі.

– Жобаны биыл қолға алдық. Құрама жем шығаруға ресейлік жабдықтарды әкелдік. Құны 60 млн теңге тұратын зауытта 10 адам тұрақты жұмыс істейді. Ал өнім сапасына келсек, тоғыз түрлі, яғни жүгері, бидай, күріш ұнтағы, күрмек, күнжара, арпа, тұз, тағы басқа қоспалардан дайындалатын жем құрамында төрт түлікке қажетті дәруменнің барлығы

бар. Қазіргі уақытта серіктестік тек егін егумен айналасады. Ал алдағы жылы атакөсіп – мал шаруашылығын да игеру жоспарда, – дейді шаруашылық төрағасы Алматыбек Алдонғаров.

Облыс әкімі биыл шаруаларға түскен ауыртпалықты тілге тиек етіп, осы тектес тиімді әрі маңызды жобаларды көбейту қажет екенін алға тартты.

Сәл артқа шегініс жасасақ, Тәуелсіз ел атанғаннан бері Сырдария ауданында 72 нысан салынған. Олардың қатарында білім ошақтары, мәдениет үйлері мен спорт кешендері, балабақша мен емхана бар. Сонымен қатар аудан бойынша көпірлер мен әкімшілік ғимараттар пайдалануға

берілді. Елбасы бастамасымен қолға алынған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен биыл Тереңөзек кенті мен елді мекендерде ауқымды жұмыстар атқарылууда.

Ерекше айтар жаңалық, Сырдария – облыс бойынша ауызу мәселесі толық шешілген аудан ретінде көш басында тұр. Мұнда кейінгі үш жылда құрылыс та қарқынды. Соның нәтижесінде баспана мәселесі өз шешімін тауып келеді.

Әлеуметтік салада жаңалық жетерлік. Апатты жағдайдағы мектеп мәселесі толық шешілген. Мектепке дейінгі тәрбиені қамту толықтай орындалды. Сондай-ақ халық денсаулығын жақсартуда заманауи медициналық құралдар-

мен жабдықталған емхана мен аурухана келушілерге сапалы қызмет көрсетуде.

Жоғарыда Тереңөзек кентіне газ берілгенін, тұрғындар қуанышын сөз еткенбіз. Енді елді мекендерді газдандыру бойынша Шаған, С.Сейфуллин, А.Токмағанбетов, Қалжан ахун ауылдарына газ тарту жұмыстарының жобатыр құжаттары дайындалып жатыр.

Ауданда биыл 33220 гектар алқапқа түрлі дақылдар егілген. 134 мың тонна күріш жиналыпты. Осылайша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 20 млрд теңгені құраған.

Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ



● ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

Баспаналы болу – бір бақыт



Ел Тәуелсіздігінің ұлы мерекесі қарсаңында Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауында 680 пәтерлік 14 көпқабатты үйдің пәтер кілттері салтанатты түрде тапсырылды. Шараға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, қала әкімі Ғанибек Қазантасов қатысты.

Биболат СӨТЖАНОВ,
«Сыр бойы»

Облыс әкімі қоныстой иелерін құттықтап, пәтер кілттерін табыстады.

– Баршаңызды алдымен еліміздің ең басты ұлық мерекесі – қасиетті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Бүгінгі қол жеткізген жетістіктеріміздің барлығы – ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көрегендігі мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сындарлы саясатының салтанатты жемісі. Құрылысы қарқынды Қызылордамызда бүгін тағы да жана тұрғын үйді пайдалануға беріп, пәтер иелерінің қуанышын бөлісіп

отырмыз. Үйлеріңіз сәбидің күміс күлкісіне бөленіп, шаңырақтарыңыздың түтіні түзу шықсын! – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Сондай-ақ, аймақ басшысы нысандар құрылысын сапалы жүргізіп, уақытылы тапсырған мердігерлерге алғыс білдірді.

Баспаналы болып, шаттыққа кенелгендердің бірі көпбалалы ана Нұргүл Ермаханова қоныстанушылар атынан көрсетілген мүмкіндікке алғысын жеткізді.

– Тәуелсіздік күні қарсаңында үйлі болып жатырмыз. Мұның барлығы мемлекеттің халық үшін жасап жатқан



қамқорлығының арқасы, мемлекеттік бағдарламалардың жемісі. Сондықтан Елбасына, Мемлекет басшысына, өңір басшылығына алғыс білдіремін. Қуанышымда шек жоқ. Ана ретінде барша қазақстандықтарға баспана бақытын тілеймін, – деді ол.

Айта кетейік, 30 жыл ішінде облыста 8 млн шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. Бірқатар көрсеткіштер бойынша оң динамикаға қол жеткізілді.

Жыл басынан бері өнеркәсіп өнімі өндірісі, оның ішінде өңдеу саласы, ауыл

шаруашылығы өнімдерінің өндірісі көбейді. Жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілер саны өсіп, құрылыс жұмыстары мен пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі де артты. 2408 пәтерлік 110 тұрғын үйдің құрылысы жүруде. Оның

ішінде Байқоңыр қаласында 250 пәтерлік 5 тұрғын үй бар.

Жыл соңына дейін 1608 пәтерлік 94 тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Суреттерді түсірген
Б.ЕСЖАНОВ

«Тәуелсіздік бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды»

Қазақстан тәуелсіздігін аз уақыт ішінде әлемнің көптеген беделді мемлекеттері таныды. Еліміз халықаралық қатынастардың заңды субъектісі ретінде, шет мемлекеттермен дипломатиялық байланыс орната бастады. Әлемдік саясат аренасында Тәуелсіз Қазақстан пайда болды. Конференцияда «Қазақстан – әлем мойындаған мемлекет» тақырыбында ҚР Парламенті Мәжілісінің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Ғалым Әміреәліұлы баяндамасы тыңдалды. Ол мемлекетіміздің әлем елдерімен байланысы, әлемдік саясаттағы рөлі туралы жан-жақты баяндады.

– Тәуелсіздік таңында Қазақстан орталықтандырылған жоспарлы экономикадан қазіргі заманғы еркін нарықтық жүйеге, басқарудың тоталитарлық моделінен көп-партиялық демократияға трансформациялауға бағытталған реформаларды іске асыруға кірісті. Отыз жыл ішінде 186 елмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Еуразияның қарқынды дамып келе жатқан экономикаларының біріне және халықаралық аренадағы беделді дауысқа айналды. Күрделі кезеңді абыроймен өткерген Қазақстанның жетістігі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елімізді дамыту жолын нақты таңдауының нәтижесінде болды. Бүгінде еліміздің ішкі жалпы өнімі 180 млрд АҚШ долларынан асады. Бұл – Орталық Азиядағы ішкі жалпы өнімнің жартысынан астамын құрайтын ірі экономика. 2015 жылы еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді. Тәуелсіздік алған уақыттан бері 330 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартты. Электронды үкіметтің даму деңгейі бойынша Біріккен Ұлттар ұйымының рейтингінде 193 елдің ішінде 29-орында. Ол – ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Қазақстан биылғы экономикалық еркіндік индексі бойынша 180 мемлекет арасында 34-орынды иеленді. Еліміздің үлесіне Орталық Азияға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың 70 проценті тиесілі. Инвестициялардың шамамен 50 проценті Еуропалық одақтан тартылды. Кейінгі жылдары елімізде инвесторларды қорғауды күшейту, бюрократияны қысқарту, салық салудың ашықтығын арттыру және кәсіпкерлікті қолдау үшін ауқымды реформалар жүргізілуде, – деді Ғ.Әміреәліұлы.

2018 жылы Астана халықаралық қаржы орталығы құрылды. Ол – Нұр-Сұлтанды өңірдегі қаржы хабына айналдыруға бағытталған жоба.

Баяндамашы сонымен бірге еліміздің халықаралық саяси аренадағы рөліне де жан-жақты тоқталып өтті. Баяндамашы айтпағандай, Қазақстан – ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қозғалысының жаһандық көшбасшысы. 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жауып, әлемдегі көлемі жағынан төртінші ядролық арсеналдан бас тартты. Еліміз бүгінде өңірлік ынтымақтастық жобаларына, соның ішінде Шанхай

данды, шекарамыз шегенделді. Тұңғыш Президентіміздің тарихи ерлігі – Сарыарқаның төріне, Есілдің бойына ел қондырып, жаңа да әсем елорда салғаны. Сайын далада самаладай жарқыраған сұлу шаһар орнайды деген кімнің ойында болды дейсіз?! Елорданы республиканың дәл географиялық кіндігіне көшіру идеясы Елбасының кемел саясатынан туындаған. Осының бәрін аз уақытта жүзеге асыру оңай болған жоқ. Нұрсұлтан

Отыз жыл бұрын біз саналы түрде өз болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық. Бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым сәт болғанымен, тәуелсіз Қазақстан үшін үлкен белес екені белгілі. Конференцияда сонымен қатар облыстық мәслихат хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Байқадамовтың «Тәуелсіздік – ұлттың тарихи тағдырында» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды.

саясат» деген өміршең тарихи қағидаты мен сындарлы саясаты еліміздің экономикалық кемелденуіне, терезесі тең, керегесі кең мемлекетке айналуына жол ашты. Жиында сөз алған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қалқабек Әжібеков «Қызылорда облысының экономикасы – дағдарыстан тұрақты дамуға дейін» тақырыбындағы баяндамасында тәуелсіздік жылдарындағы аймақ экономикасының ахуалын саралады.

жалпы осындай үш-төрт қиын кезеңдер болды. Былтыр елге келген инвестицияның 19 проценті өңдеу өнеркәсібіне бағытталды. Ал 2010 жылы 10-ак процент еді. Халықтың әлауқатының өсуі де үнемі алға басуда. Жан басына шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейі 1997 жылмен салыстырғанда он есе көбейді. 1997 жылы 3305 тенге болса, қазір 34307 тенгені құрайды. Зейнетақының орташа мөлшері 24 есе өсті, айлық жалақы да орта есеппен 233 мың тенге немесе 2019 жылмен салыстырғанда 14 процентке көбейді. Осы орайда Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші де жақсарды. Отыз жылда облысқа 4 трлн тенгеге жуық инвестиция тартылса, өнеркәсіп өндірісі 1990 жылдары 11 процент болса, қазір 30 процентке жетті. Ауыл шаруашылық өнімдері 3,9 процент болса, қазір 6,3 процентке артты. Күріш өнімділігі 1,5 есеге көбейді. Төрт түлік малдың ішінде қой мен ешкіден басқасында өсім бар. Тұрғын үй салу 260 мың шаршы метрден 600 мыңға дейін өссе, тұрғындардың 65 проценті газбен қамтылды. Екі күн бұрын елімізде теңдесі жоқ шыны зауыты іске қосылды. Шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының саны 3,6 есеге өсті, яғни, 13 мыңнан 51 мыңға жеткен, – деп атап өтті Қ.Әжібеков.

Конференцияда сондай-ақ, «Тәуелсіздік тұғырында тұрған ел» тақырыбында ақын, облыстық мәслихат депутаты Шәкізата Әбдікәрімовтің, «Тәуелсіздік жылдарындағы азаматтық қоғам және БАҚ» тақырыбындағы «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы, облыстық мәслихат депутаты Сәрсенқұл Бижоканың баяндамалары тыңдалды. Сонымен бірге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Уәйіс, үш дүркін Алтын домбыра иегері, ақын Мұхтар Ниязов, Әлем чемпионы Илья Ильин тәуелсіздік туралы пікірін білдірді. Конференцияны қорытындылаған облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова тәуелсіздіктің баға жетпес байлығымыз екенін айтты.

– Расында, Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде еліміздің барша өңірі өсіп-өркендеді. Осы орайда, Қорқыт бабамыздың «Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі» деген жақсы сөзі бар. Бұл жетістіктеріміздің барлығы – Елбасымыздың дара жолымен, Президентіміздің басшылығымен елдің бүгінгі мен болашағы үшін еңбек етіп жүрген отандастарымыздың, сіздер мен біздің бірлесіп атқарған істеріміздің нәтижесі, халық артқан сенімнің жемісі. Тәуелсіздік те бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды, – деп аймақ басшысы конференцияны қорытындылады.



ынтымақтастық ұйымының, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің тең құрылтайшысы ретінде белсенді қатысады.

– Бір ғана мысал келтірейін, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сириядағы қақтығысушы тараптар арасындағы ұрыс қимылдарын тоқтату туралы келіссөз жүргізу үшін Астана алаңын ұсынғанын атап өту керек. 2017 жылы қаңтар-қазан аралығында Сирия дағдарысын реттеу бойынша 7 халықаралық кездесу өтті. Қақтығысты дипломатиялық диалог арқылы реттеуге бағытталған ұмтылысты Біріккен Ұлттар Ұйымы және көптеген әлемнің көшбасшылары мойындады, – деп атап өтті Ғалым Махмұтбайұлы баяндамасында.

Келесі кезекте «Тәуелсіздік тағылымы: Елбасы және Сыр өңірі» тақырыбында ҚР ҰҒА академигі, облыстық мәслихат депутаты Қылышбай Бисеновтің баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы Елбасының «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласының маңызы мен Сыр еліне деген қамқорлығын жан-жақты саралап, жастарға тәуелсіздіктің қадірін ұғындырды.

– Елбасы егемендіктің алғашқы күндерінен бастап береке-бірлік пен ынтымаққа, дінаралық келісім мен ұлтаралық татулыққа негізделген саясатты қолға алды. Жаңа Конституция қабыл-

Әбішұлының азаттықтың абыройын асқақтатқан ойлы тұжырымы тәуелсіздіктің тағылымын, қазіргі қазақ елінің береке-бірлігін, тұрақтылығын, жарқын болашағын тарихымыздың әрбір кезеңін талдай отырып түсіндіреді. Сондықтан тәуелсіздікті сезіну, оны түсіну – біздің парызымыз. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Арал теңізі экологиялық апатының зардабын шегіп отырған Қызылорда облысының дамуын ендігі жерде екімшілік деңгейде шешу мүмкін еместігі анық байқалды. 1993 жылдың наурызында Қызылордада Елбасының қатысуымен Арал теңізінің проблемаларына арналған халықаралық конференцияда Арал теңізі мен Арал аймағы проблемаларын шешу, экологиялық сауықтыру, әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету жөніндегі біріккен іс-қимыл келісіміне қол қойылды. 1995 жылы бүкілхалықтық референдум алдында Н.Назарбаев 12-13 сәуірде іссапармен келді. Елбасының сапарын экономикалық дағдарыс пен экологиялық дағдарыстың ашы дәмін татып отырған өңірден бастауы бекер емес еді, – деген Қылышбай Алдабергеноұлы Елбасының өңірімізге деген шексіз қамқорлығы аясында атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды.

– Біздің тәуелсіздігіміз басыбайлық санадан құтылудың барлық мүмкіндіктерін жасауда. Елбасының да, Президенттің де түсіндіріп жатқаны осы мәселе. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Елдіктің жеті тұғыры» және «Тәуелсіздік тағылымы» атты үндеуі мен мақаласында тәуелсіздік қадірі туралы айтты. Адамзат жаратылғаннан бері бірі бағынышты, бірі үстемдік етуге бейім болған. Содан бері тәуелсіздік пен тәуелділік адамзат таразысының екі басында тұр. Бүкіл түркі дүниесінің мұрагері – қазақ халқы да өзінің қалыптасу жолында таразының екі басын кезек алмастырып келген. Тәуелсіздік жолы – ғасырларға созылған ұзақ жол, ерлердің қаһармандық жолы, ұлттық рух жолы, азаттық үшін арналыс жолы, ата-бабамыздың жолы, яғни, қазақ халқының бүгінге дейінгі тарихи жолы. Тәуелсіз қазақ елінің тарихы Еуразия кеңістігіндегі Ұлы дала империялар тарихын қамтитын үш мың жылдық жылнамасы бар ұлы тарихтың жалғасы, – деген баяндамашы тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең талдап, оған жету жолындағы ата-бабаларымыздың тынымсыз күресін тілге тиек етті.

Елбасының егемендіктің елен-алан шағындағы «алдымен экономика, сонан соң



– Тәуелсіздік жарияланған 1991 жылы 16 желтоқсанда мен Қазақстан банккерлерінің құрамында Нидерланды елінде жұмыс сапарымен жүр едім. Кешкі ас үстінде Қазақстан тәуелсіз ел болды деген қуанышты хабарды естігенде қатты толқығаным есімде. Осы өткен отыз жылдағы экономикамызға көз салсақ, ғасырға бергісіз жұмыстардың атқарылғанын байқаймыз. Тәуелсіздіктің алғашқы сегіз жылында өздеріңіз білесіздер, экономика құлдырады, бұрынғы байланыстар ажырады. Жағдай қиын болды. Сол кезеңде инфляция көрсеткіші 21,5 есеге дейін жетті. Ішкі жалпы өнім көлемі 1990 жылмен салыстырғанда 60 процент деңгейінде ғана болды. Балабақшалар, мәдени ошақтар жабылды. Жұрт 5-6 айлап айлық зейнетақы, жәрдемақы алмады. Сол кезде тәуелсіздігімізге күмәнмен қарағандар болды. Бірақ 1999 жылдан бастап тарихи байлығымыз бен мүмкіндіктерімізді пайдаланып, алға ұмтылдық. Онан кейін 2007-2009 жылдары да әлемдік ипотекалық дағдарысқа байланысты біршама экономикалық, қаржылық қиындықтар кездесті. Сонымен қатар 2014-2015 жылдары да экономикамыз баяулау болды. Енді міне, әлемдік пандемияға байланысты дағдарысты бастан кешірудеміз. Отыз жылда



ТӘУЕЛСІЗДІК ТARTУЫ

Ветеринар мамандарға – 15 қызметтік көлік

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Тұңғыш Президент паркінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өңірдегі ветеринариялық ұйымдарға жаңа қызметтік автокөлік кiлттерін табыстады.

Сәділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Алдымен аймақ басшысы айтулы мерекемен құттықтап, жүрек-жарды лебізін білдірді. Сондай-ақ, өңірдің эпизоотиялық ахуалын сақтауда және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ветеринариялық ұйымдардың еңбегі зор екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты өз Жолдауында ветеринария саласын жетілдіру міндетін жүктелді. Қай кезеңде де ветеринария қызметі заман талабына сай болуы – басты талаптың бірі. Ол ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыруға зор мүмкіндік береді. Ауылдағы ағайынның әл-ауқатына және облыстың агроөнеркәсіп саласының дамуына тікелей әсер етеді, – деді облыс әкімі.

Облыста ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау

мақсатында тиісті іс-шаралар атқарылып келеді. Кейінгі жылдары өңірде жануарлар арасында аса қауіпті аурулар көрініс берген жоқ. Эпизоотиялық ахуал тұрақты.

Бұл бағытта облыс басшылығы тарапынан тиісті іс-шаралар қолға алынып отыр. 2021-2023 жылдарға арналған «Жол картасы» жасалды. Ал ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында биыл облыстық бюджеттен қаралған 111 млн теңгеге 15 қызметтік көлік ауыстырылды. Бұл жұмыстар келер жылы да жалғасын табады деп күтілуде.

Ветеринария саласының ардагері Байғабыл Пірманов жиын барысында мұндай қамқорлық аграрлық өндірістің дамуына оң әсер ететінін тілге тиек етті.

– Зейнет демалысына шықсам да жұмыстан қол үзген жоқпын. Техниканы жаңалау қашанда кезек күттірмейді. Облыс басшылығы тарапынан жасалған қолдау сала



жұмысын ширата түседі деген ойдамын, – деді ол.

Облыстың ветеринария саласына бөлінген 15 қызметтік көлік қала мен аудандарға жөнелтілді. Атап айтқанда, Аралға 4, Қазалы, Сырдария, Шиелі аудандарына 1, Қармақшы, Жалағаш, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласына 2 көліктен қаралған. Алдағы жылы да ветеринария саласының материалдық-техникалық базасын нығайту жалғасады. Жергілікті

бюджеттен бөлінетін қаржыны арттыру арқылы 30 автокөлік, 140 компьютер, 140 дана термочемодан мамандарға жеткізіледі.

– Ветеринария – күрделі сала. Көңіл бөлініп, мамандарға жағдай жасалып, еңбекке қабілетті арттырғаны қашанда қуантады. Ал осы шараның мәртебелі мерекемен тұспа-тұс келуі ерекше әсерлі болды, – дейді Шиелі аудандық ветеринария станциясының басшысы Бекжан Бекқожаев.

30 ЖЫЛ: САУЛЫҚ САҚШЫСЫ



Жаңақорған ауданына қарасты «Талап» дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері Алғатай Қаратаеваның еңбек жолы 1985 жылы басталды. Ол егеменді ел болған алғашқы жылдардағы медицина мен қазіргі медицинаның

айырмашылығы жер мен көктей екенін айтады. Жиырма жылға жуық осы «Талап» дәрігерлік емханасында қызмет атқаратындықтан өткен мен бүгінді таразылай алады.

Сәйнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Алға жылжыған ауыл медицинасы



– Мәселен, 1990-1995 жылдары УДЗ, ЭКГ, Холтр, КТ, тредмилл аппараттары жоқтың қасы болатын, қазір бұл құрылғылар кенінен қолданылуда. Бұрын бұлар тек орталық ауруханаларда ғана тұратын, оған түсу үшін науқас айлап кезек күтетін еді. Қазір қолжетімді. Сондай-ақ, бүгінде дәрі-дәрмекпен қамту, ауруханаға жату да жолға қойылды. Осының нәтижесінде өлім-жітім көрсеткіші төмендеп, ауруды ерте сатысында анықтауға қол жеткізіп отырмыз, – делі Алғатай Әбітайқызы.

«Талап» дәрігерлік емханасы Кеңес ауылына қарайды. 1034 тұрғынға қызмет көрсетеді. Екі ауылды қосқанда 3000-ға жуық халық бар. Бұрын ауылдық аурухана болған. Ол кезде Кеңес, Талап, Манап елді мекендері мен №28 разьезд, Бесарық станциясы және Сатымсай ауылы, яғни, барлығы 5 ауылдың тұрғындарына қызмет көрсеткен. 2010 жылы аурухана жабылып, емхана болып қайта құрылған.

– Қоғамның қай саласы болмасын түрлі реформаларды бастан кешті. Осы орайда ауылдық елді мекендерді де біріктіру, қайта құру жұмыстарының жүруі заңдылық еді. Мәселен, сол 2010 жылдары Манап ауылы мен №28 разьезд бірігіп, бір әкімшілікке қарады. Талап пен Кеңес ауылы бір әкімдік, ал Бесарық станциясы өзінше бір әкімдікке қарайды. Қазір Жаманбай батыр ауылдық округі деп аталады. Ол кезде 5 мыңға жуық тұрғын болды. 5 ауылға бір ғана дәрігер қызмет етті. 20 төсектік аурухана болды. Сол кездегі тұр көрсеткіші мен қазіргі көрсеткішті салыстыруға болмайды. Өйткені қазір едәуір өсті. Ана мен бала өліміне қатысты көрсеткіш те осыдан отыз жыл бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда жақсарды. Тұрғындардың саулығын сақтау, аурудың алдын алу бағытында көптеген бағдарламалар, жол карталары әзірленіп, жүзеге асырылып келеді. Нақтырақ айтсақ, салада 36 нысаналы индикаторлық көрсеткіш бар. Осыған жету үшін біз тынбай жұмыс істейміз. Мәселен, арыға бармай-ақ, биылғы 9 айда ауылымызда жалпы өлім-жітім былтырмен салыстырғанда 7,3-тен 5,2-ге төмендеді. Ана өлімі бірнеше жылдан бері тіркелген жоқ. Сәби өлімі де бірнеше жылдың көлемінде болған жоқ. Жүрек-қан тамыр ауруынан қайтыс болғандар арасында еңбекке қабілетті жастағылар жоқ. Катерлі ісік ауруы бойынша да өлім-жітімнің тіркелмегені куантады, – деп атап өтті аға дәрігер.

Сондай-ақ, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, ауруды ерте анықтау мақсатында ауылға жылына екі рет жылжымалы медициналық кешен, флюоро-машинна тұрақты түрде келіп, тұрғындарға қызмет көрсетеді.

Ауылдық емханада 2 жалпы тәжірибелік дәрігер, 5 фельдшер, 12 мейірбике және 2 акушерка, 1 әлеуметтік қызметкер еңбек етуде. Осы мамандардың жұмысының жүруіне, ұжым ауызбіршілігінің сақталуына аға дәрігер ретінде жетекшілік жасайтын Алғатай Әбітайқызының еңбегі зор. 1990 жылы Жаңақорған аудандық бас дәрігері, 2010 жылдан бері аудандық емханада бас терапевт, бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің орынбасары болып қызмет атқарған ол осы жылдарда Талап ауылдық амбулаториясының жұмысын да қатар алып жүрді. Жоғары санатты дәрігер медицина саласының бүгінгі жетістігі 30 жылда атқарылған тынымсыз жұмыстардың, қабылданған оң шешімдердің нәтижесі екенін айтады.

Алғатай Қаратаева биыл медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде «Үздік ауыл дәрігері» атанып, ұжым абыройын асқатқатты. Онан бұрын алған «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» медалі де омырауында жарқырап тұр.

ЖАҢҒЫРҒАН «ЖІБЕК ЖОЛЫ»

Сырдың да тіршілік өзегі

Тағы да дәлел айтамыз. Қызылорда аймағындағы автожолдардың жалпы ұзындығы – 3398 шақырым. Оның ішінде республикалық – 1016, облыстық – 557 және аудандық маңыздағы жол ұзындығы – 1825 шақырымды құрайды екен. Осының ішінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны мен облысқа тиесілі 204 шақырымдық «Қызылорда-Жезқазған» жолы республикалық мәртебеге ие.

Басынан бастасақ. Осы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік жолының түп-тамыры Ұлы «Жібек жолының» қазіргі заманғы нұсқасы деп айтсақ қателеспейміз. Ал бұл идеяны алғаш ұсынған да Елбасы болатын. Нақтырақ айтсақ, 2008 жылы 16 ақпанда Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауындағы халықаралық автожолды салу жөнінде тапсырмасы ел есінде. «Біз барлық оңтүстік облыстарды көктей өтіп, Қызылорда мен Ақтөбе арқылы Ресейге шығатын, өңірлердің экономикасын жандандыратын Қазақстандағы ең ірі көліктік жобаны – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансқұрылық дәлізді іс жүзінде асыруды қолға алуымыз қажет». Елбасының Жолдаудағы осы сөзі бірден серпіп алып, құрылыс жұмыстары іле-шала басталған болатын.

Сол жылы Ресей мемлекетімен, ал келесі 2009 жылы Қытай Халық республикасының коммуникация министрлігімен аталған автокөлік дәлізін құру үшін меморандум жасалып, қол қойылды. Бір қызығы, Санкт-Петербург пен Қытайдың Чжэнчжоу аралығы 8445 шақырым. Бұл дегеніміз – он күндік сапар. Ал теміржолмен екі қала арасы 11500 шақырым болса, 14 күн жүруге тура келеді. Теңіз жолындағы қиындықты айтпасақ та болады.

Экономикаға үлкен үлесі бар жолдың Қытайдан Қазақстанға, Орталық Азия елдеріне, Ресейдің батыс өңірлері мен Еуропада тауар тасымалдаудың ең қысқа бағыты екенін баса айту керек. Шығыс пен батыстағы жұрттың қашықтығын жақындатуда көрегендік танытқан Елбасы бастамасы аз уақыттың ішінде өзінің тиімділігін осылай дәлелдеп те үлгерді.

Аталған жолдың әлемдік пайдасынан бөлек біздің Т-бет

республикаға да берері мол. Бес ғасырдан соң қайта жаңғырған «Жібек жолының» бүгінгі нұсқасы – Қазақстан үшін экономиканың негізгі құретамыры. Мәліметке сүйенсек, Еуропа мен Қытай арасын жалғайтын жол біздегі 5 жарым миллионға жуық халық тұратын 200 елді мекеннің үстінен өтеді екен. Осының арқасында магистраль бойындағы жұрттың жағдайы жақсарды, жұмыспен қамтылып, арадағы барыскеліс жеңілдеді.

Екіншіден, ішкі туризмді дамытуға орасан ықпалы болды. Бір ғана мысал, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұрасына енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі осы жолдың бойында. Көне Сауран, Отырар, Алтынтөбе және Тараз шаһарын да осы тізімге қосамыз. Міне, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі арқылы бұрынғы «Жібек жолына» тән көне мұралар көп туристердің қызығушылығын оятып келеді. Өз аймағымыздағы Сығанақ, Оқшы ата, Қорқыт кесенесі сынды Ұлы даланың жәдігерлерін тамашалауға аталған жолмен жетіп жүретін қонақтар көп.

Үшіншіден, жол бойында түрлі санаттағы техникалық қызмет көрсету орталықтары көбейді. Қонақүй мен дәмхана, жөндеу шеберханалары, май ауыстыру бекеттері мен жолаушыларға арналған түрлі демалыс орындары көптеп ашылды. Мұның барлығы жұмыссыздықтың алдын алуда, кәсіпкерлікті дамытуда үлкен рөл атқарады. Жол бойындағы ауылдар мен шағын қалалардың тұрғындарына кәсіп көзі ашылып, тұрақты жұмысқа тұрған азаматтардың қатары көбейді.

Міне, жоғарыда айтып өткен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» қайта жаңарғалы ел мен ел, жер мен жер жақындады. Қазір осы құрылқаралық автокөлік дәлізінің Қазақстанға тиесілі 2787 шақырымы бар. Ал 2233 шақырымы Ресейдің, 3425 шақырым жол Қытай елінің еншісінде. Жол біздің республикадағы 5 облыс аумағынан өтеді. Ең көп бөлігі Сыр бойында жатыр. Дұрысы, 812 шақырым жол Қызылорда жерін кесіп өтеді. Барлық жеті аудан мен облыс орталығы теміржол мен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожол бойында орналасуы осылайша аймақ халқына өте тиімді екені әлдеқашан дәлелденген дүние болып отыр.

Жоғары колледж көкжиегі



Жуырда Денсаулық сақтау министрі Қазақстанда індіттің төрт толқыны өткенін мәлімдеді. Осы орайда төтеннен келген кеселдің бізге берген сабағы көп болды десек қателеспейміз. Әсіресе, елде медицина мамандарын көптеп даярлау қажеттігін тағы бір дәлелдеп берді. Эпидемиолог, вирусолог мамандарды айтпағанда, орта буын медицина қызметкерлерінің өзі аурумен күресте үлкен рөл атқарды. Мемлекет басшысы медицина мамандарын даярлауда нақты тапсырмалар берді.

Осы орайда өңірде орта буын медицина мамандарын даярлауда бірден-бір үлес қосып келе жатқан білім ордасының бірі – Қызылорда медициналық жоғары колледжінің тыныс-тіршілігін, жаңалықтарымен таныстыру жөн көрдік.

Рудольф Қазақ АССР Денсаулық сақтау комиссариатының 1928 жылғы 15 тамыздағы бұйрығымен «Қазақ акушерлік техникумы» деген атпен ашылған. 1954 жылы «Қызылорда медициналық училищесі» аталды. Ал 1996 жылы колледж болып қайта құрылса, 2016 жылы уақыт талабына сай «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» болып өзгертілді. Ғасырға жуық уақытта білім ордасы талай реформаларды бастан өткергені анық. Өйткені уақытқа сай түрлі жаңалықтар енгізілді. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейін атауынан бастап, оқу процесі де түбегейлі өзгергені белгілі.

Жоғары колледж аталғаннан кейін оқу орнына қойылатын талап та жоғарылап, жанаша сипатта жұмыс істеуді қолға алды. Оқу орны 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында, еліміздегі мейіргерлік білім беру жүйесін жетілдірудің жол картасы әзірленді. Орта буын медицина қызметкерлерінің рөлін арттыру, оларды дайындаудың практикалық бағытын нығайту мақсатында «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша «Қолданбалы бакалавриат» білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізудегі жұмыс тобына қатысып, пилоттық жобалар енді.

– Бағдарламаны іске асыру аясында эксперимент ретінде енгізілген «Мейіргер ісі» мамандығы «Қолданбалы бакалавриат» біліктілігімен 2018 жылдың ақпан айында

Әлемді жайлаған пандемия қоғамның барлық саласына оңай тиген жоқ. Әсіресе, медицина саласы үшін нағыз сынақ кезеңі болды. Қос өкпеден қысқан кесел медицина қызметкерлерінің қалірін арттырды. Дерт деңгей бастағанда қай ел болмасын абдырап қалғаны анық. Алғашында ауруды қалай емдерін білмей дал болса, жаппай індет жұқтырып, жағдайы нашарлаған науқастарды емдейтін мамандардың жетіспеуі де жығылғанға жудырық бола түскендей еді.

жалпы орта білім негізінде 3 жыл 6 ай оқу бағдарламасымен 21, сондай-ақ, қолданбалы бакалавриаттың жеделдетілген бағдарламасы бойынша (1 жыл 6 ай) 48, барлығы 69 түлек бітіріп шықты. Пилоттық жоба аяқталып, денсаулық сақтау саласына енгізілді. Бітіруші түлектер білім сапасын тәуелсіз сыртқы бағалау тестінен 100 процент өтсе, бағдарламада қамтылған пәндер бойынша біліктілік деңгейін бағалауды сәтті тапсырған оқытушылар үлесі 83 процентті құрады. Бүгінде мейіргер ісін дамытудың кешенді жоспарына сәйкес, 2030 жылға дейін аймақты 40 процент қолданбалы бакалавр мамандарымен қамтамасыз ету мақсатында 1,6 жылдық жеделдетілген білім беру бағдарламасымен жылына 250 шақты мейіргер дайындау жоспарлануда. Басты мақсат – бәсекеге қабілетті, еуропалық директиваға сәйкес, жаңа форматтағы тәжірибесі кеңейтілген маман даярлау, – дейді колледж директоры Салтанат Тасмағанбетова.

Бүгінде колледж «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі», «Мейіргер ісі-қолданбалы бакалавр», «Гигиена және эпидемиология», «Стоматология», «Лабораториялық диагностика», «Фармация», «Ортопедиялық стоматология», «Медициналық оптика» және «Медицина техникасын монтаждау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандықтары бойынша орта арнаулы және орта білімнен кейінгі медицина мамандарын дайындайды. Оқу орнында студенттердің жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалған. Үш оқу ғимараты, жатақхана және жазғы спорттық алаңдары, лекциялық, практикалық, лабораториялық – барлығы 167 оқу кабинеті бар.

– Оқу орнының жоғары колледж статусын иеленуіне, денсаулық сақтау нарығының сұранысына сай 4 жаңа мамандықтың ашылып, студенттер контингентінің 30 процентке өсуіне байланысты материалдық-техникалық базаны кеңейту және жетілдіру қажет болды. Осы мақсатта қолданыстағы жатақхана ғимараты оқу бөлмелері мен лабораториялық шеберханаларға ауыстырылды. Студенттер санының өсуі жатақханаға деген сұраныс арттырды. Сондықтан 2019 жылы облыс әкімінің қолдауымен «ДилМаш» мемлекеттік-жеке серіктестігі негізінде салынған 330 орындық жатақхана колледж қолданысына берілді, – деп атап өтті директор.

Студенттер үшін жатақханының жайлы болғаны маңыз-

ды. Мұнда қолайлы жағдай жасалған, облысқа қарасты елді мекендерден келген студенттер жатады. Әр жатын бөлме кіреберіс, санитарлық торап, жуынатын бөлмеден тұрады. Жатақханада оқу залы, демалыс бөлмесі, буфет, кір жуатын бөлме және ашық аспан астындағы спорт алаңы бар. Әр қабаттағы тұрмыстық бөлме газ плитасы, микротолқынды пеш, тоназдықтқыпшен жабдықталған.

Оқу кабинеттері де заманауи техникалармен жарақтандырылған. Арнайы «Компьютерлік технология және техникалық оқу жабдықтары» кабинеті жұмыс істейді. Заманауи компьютерлермен жабдықталған 3 акпараттық компьютерлік кабинет, 3 архивтік бейнесервер, өзге де қажетті құрылғылар студенттердің терең білім алуына, оқытушылардың жан-жақты білім беруіне мүмкіндік туғызуда.

Қай істің де қиюын келістіріп, тегітін табатын білікті маман екені белгілі. Осы орайда колледж ұжымы да майталман мамандарымен мақтана алады. Мұнда жалпы 109 оқытушы бар. Оның 51-і – жоғары санатты болса, 24-і – бірінші, 22-сі – екінші санатты. Оқытушылардың ішінде 21-і – ғылым магистрі, 19-і – академиялық доцент. 2019-2020 оқу жылында колледж 462 орта білімді медицина маманын түлетіп шығарды. Биылғы оқу жылында талапкерлерді оқуға қабылдауда өзгеріс енгізілді.

– Биылғы оқуға қабылдаудағы басты ерекшелік – оқуға түсу емтиханы болған жоқ, тек конкурстан өтті. Конкурса 9 сынып негізіндегі талапкерлер үшін екі пәннің, аттестаттың орта бағасы және психометриялық тесттің нәтижесі қосылып, орта баға шығарылып ұсынылды. Психометриялық тест дегеніміз – болашақ маманның кәсібіне кездесетін жағдаяттарға психологиялық тұрғыдан дайындығы мен төзімділігін айқындайтын сұрақтар. Ал мейіргер ісі қолданбалы бакалавриат біліктілігі 1,6 жылдық бағдарламасының жеделдетілген бөліміне тапсырған талапкерлерден медицинаға қатысты тақырыптарда эссе алынды, – делі Салтанат Сейітқалиқызы.

Бірлігі мен тірлігі жарасқан колледж ұжымының маман даярлауда мақсаты айқын, қадамы нық.

А.СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН ТАҒЫЛЫМ АЛУҒА ТИІСПІЗ

ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті ректоры Қылышбай Бисеновпен сұхбат.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

– Қылышбай Алдабергенұлы, ұлт мерекесі қасиетті Тәуелсіздік күні құтты болсын.

Кешегі кеңестік жүйеде біз саяси, рухани еркін емес едік, яғни, бүгінгідей Мемлекет басшысын сайлай алмадық, маңызды мәселелерді халықтық реформа шешкен жоқ. Дініміз дүдәмал, тіліміз нәгуман болып кетті. Салт-дәстүріміз сарқылған судай нәрін жоғалта бастады. Мұның бәрі адам жанының бодандығы болатын. Атақты орыс ақыны Бальмонт: «Менің жалғыз отаным – еркін жаным» дегенде отансыздығын емес, тәуелсіздігін, еркіндігін айтқан ой.

Жалпы, тәуелсіздік, еркіндік туралы толғамыңызды айтыңызшы?

– Еркіндік ата-бабаларымыздың қанша ғасырдан бері келе жатқан арманы болды. Бізді сол еркіндікке тәуелсіздік жеткізді. Адам баласына еркіндіктен қымбат ештеңе жоқ. Абайдың: «Еріксіз түскен ылдидан, еркінмен шыққан өр артық. Қорлықпен өткен өмірден, көсіліп жатқан көр артық» деуі еркіндік мәніне терең бойлатады.

Елбасы Н.Назарбаев отыз жылдық тарихымызға көз жіберіп, парасатты ой толғаған «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласында: «Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиеленген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын», – деп атап көрсетті.

Шын мәнінде, біз тәуелсіздіктің жыл сайынғы марапат, сыйақы берілетін мерекесі есебіндегі сипатына ғана мән бермей, ұрпақ санасына оның тағылымын тарту етуге тиіспіз.

Елбасы егемендіктің алғашқы күндерінен бастап, береке-бірлік пен ынтымаққа, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімге негізделген саясатты қолға алды. Бүгінгі жетістіктерімізге берік заңнамалық іргетас болып қалған Ата заңымыз – жаңа Конституциямыз қабылданды. Шекаралық барлық бойлығына қатысты сындарды келіссөз жүргізді. Осының бәрін аз уақытта жүзеге асыру оңай болған жоқ. Оған балауандық білек, батырлық жүрек, елін сүйген махаббат керек. Осының бәрі – Елбасының болмысынан табылған тұлғалық қеніш.

Бүгінде Сарыарқаның төрі текеметтің түріндей құлпырып кетті. Есілдің бойын ел жайлап, әлемге көз тіккізген әсем елорданың бой көтеруі – Елбасының тарихи ерлігі. Сайын далада самаладай жарқыраған осындай сұлу шаһар орнайды деген қиялға келген. Елорданы республикамыздың дәл географиялық кіндігіне көшіру идеясы – Елбасының кемел саясатынан, мемлекет тағдырын терең ойлаған табанды ұстанымынан туындады. Осы орайда, Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Астананың қарыштап дамуы еліміздің өзге өңірлерінің өркендеуі, өсуіне серпін берді. Шымкент қаласы халқының саны миллионнан асып, республикалық дербес үшінші қала қатарына қосылды. Екі мың жылдық тарихы бар көне Түркістан кейінгі екі жылдың ішінде облыс орталығына айналып, күн санап өрлеуі, әсем шаһарлардың біріне айналды. Еліміздің өзге өңірлері мен ірі қалаларын да дәл осындай болашақ күтіп тұр деп нық сеніммен айта аламын», – деуі де келешекке деген ел сенімін еселей түседі.

Мұндай жақсылықтардың ізі Сыр бойында да сайрап жатыр.

– Түлеген Түркістан секілді кезінде Қызылорда облысы да тәуелсіздіктің шапағатын көп көрді дейсіз ғой.

– Сонау тоқсаншыны жылдардың ішінде елімізде болашағы жоқ елді мекендерді тіршілік көзі түзу жерлерге көшіру мәселесі көтеріліп, пилоттық жобалар қолға алынғаны есімізде. Мұндай елді мекендер біздің өңірімізде де көп болды. Оны айтсаңыз, тұтас облыстың тарап қатуі қауіп де бар еді. Алайда, Сыр елін бұл қауіптен

Елбасының тікелей қамқорлығы құтқарып қалды.

1992 жылы 30 маусымда «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заң күшіне енді. Бұл ізгі қадамның Қызылорда халқына қаншалықты материалдық қолдау болғанын біріміз де жақсы білеміз.

Елбасы Аралды сақтап қалу мақсатында ғасыр жобасы атанған – «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасы жөнінде тарихи шешім қабылдады.

Бүгінде Солтүстік Кіші Арал теңізін және көлдерді қайта қалпына келтіруге байланысты балық аулау көлемінің 8 мың тоннаға дейін жетуі – осы жобаның арқасында келген жетістігіміз.

1995 жылдың 12-13 сәуір күндері Н.Ә.Назарбаев облысымызға іссапармен болды. Өзінің референдум алдындағы сапарын экономикалық дағдарыс пен экологиялық апаттың ащы дәмін татып, өндірістің дамуы баяу, аграрлық сала мен әлеуметтік бағытта шешілмей жатқан проблемалары мол аймақтан бастады. Осы сапарда Елбасы еңбек ұжымдарымен, елді мекен тұрғындарымен кездесті. Арал аймағындағы экологиялық апаттан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі заң, соғыс ардагерлері мен мүгедектерге қосымша жеңілдік беру туралы Жарлық, көпбалалы отбасыларға жасап жатқан қамқорлық, жас ұрпақты тәрбиелеу саласындағы жұмыстар кенінен талқыланып, облыс халқының қолдауын тапты.

1996 жылы 8 қазанда «Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Жарлыққа қол қойылып, Қызылорда қаласы «Арнайы экономикалық аймақ» болып танылды.

Облысымыздың арнайы экономикалық аймақ мәртебесін алуына жеке өзіміздің де қосқан үлесім болды. Өйткені, осы экономикалық аймақ негіздемесін Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының ғалымдары жазып шыққан еді. Бұл іске мен де қатыстым. Сонымен бірге АЭА кеңесінің мүшесі болдым.

Қызылорда арнайы экономикалық аймағы кәсіпкерлердің, шағын және орта бизнестің жұмыстарына тың серпіліс берді. Облысымызға, оның ішінде Қызылорда арнайы экономикалық аймағына халықаралық ұйымдардың, шетелдерден Қазақстанға келген инвесторлардың назары аударылды. Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры ЮНИСЕФ Арал экологиялық аймағындағы әйелдер мен балаларды қолдау үшін 5 млн АҚШ долларын бөліп, дәрі-дәрмек пен медициналық құралдар жеткізіп берді. Арал теңізі аймағындағы мұнай-газ қорын игеруге, ауысу тазалағыштар орнатуға, аудандарда ирригациялық құрылыстарды салу және қалпына келтіруге мүмкіншілік жасалды.

Осыдан отыз жыл бұрынғы Қызылорда теңеу әдісімен айтсақ, киноы кеткен ескі әбдіредей еді. Қазіргі аймағымыздың бейнесі іші маржан толы алтын сандыққа ұқсайды. Елбасының «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деген бедерлі сөзі – ақиқаттың өзін.

– Сізбен әңгіме құрғанда білім саласына соқпай кету кемшілігіміз болады. Сіз бұл салаға мол үлес қосқан тұлға, профессор, академик дәрежесіне жеткен оқымысты ғалымсыз. Тәуелсіздік білім саласына да бірегей жаңалықтар қосты ғой?

– 1991 жылдан бүгінге дейінгі кезеңді есепке алсақ, білім беру саласында жүргізілген реформаларға сәйкес, көптеген өзгерістерге қол жетті: білім беру мекемелерінің құзиретті кеңейді; жалпы орта білім мен мемлекеттік оқу орындарында кәсіби білімді тегін оқытуға мемлекет кепілдігі берілді, үш тілде оқыту жүйесі енгізілді; кредиттік жүйе мен білім беру гранты бөлінді.

Қазақстандық білім беру жүйесінің құрылымы ЮНЕСКО



Суретті іріктеген Нұрболат Нұржақып

ұсынған Халықаралық стандарттық білім беру бағдарламасының классификация өлшемдеріне сәйкес келтірілген. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының 8-бабына сәйкес, білім алу жүйесі жеті сатыдан тұрады.

Қазақстанның Болон процессіне жедел кіруі нәтижесінде еліміз үш деңгейлі модельде енді: бакалавриат-магистратура-PhD докторантура.

Жалпы, Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту арқылы елімізде халықаралық озық тәжірибеге негізделген білім беру әлем бойынша жаһандану үрдісіне көшуде. Сондықтан білім беру жүйесі әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналды, қазіргі уақытта мемлекеттің экономикалық жетістіктері білім беру жүйесімен, азаматтардың білімділігімен, мамандардың бәсекеге қабілеттігімен анықталады.

Қазіргі университетті, басқа да оқу орындарын сырттай қызықтатқан жастар оның осы зәулім келбет, зерделі қалпына қалай жеткенін біле бермеуі мүмкін. Әрине, мен бұл сапқа аға ұрпақты қосып отырған жоқпын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында аймағымызға кен орындарын игеретін шет ел инвесторлары келе бастады. Қызылорда облысында мұнай өндірісі қарқын алды.

1996-1997 жылдары Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының ректоры болып тұрған кезімде сұранысқа сай мұнай саласы мамандарын даярлауға күш салдық. Сөйтіп, «Мұнай-газ кәсіпшілерін игеру және пайдалану», «Мұнайгаз кәсіпшілігінің машиналары мен жабдықтары», т.б. секілді мамандарға студенттер қабылданды. Институт ғалымдары ЮНЕСКО, БҰҰ жобаларын қолдау қоры, Халықаралық Аралды құтқару қоры, басқа да қоғамдық және экологиялық қозғалыстардың бірнеше грантын жеңіп алды.

1998 жылдың наурыз айынан бастап Үкімет қаулысына сәйкес, Қызылорда гуманитарлық университеті мен Қызылорда политехникалық институты біріктіріліп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болды. Оның ректорлығына мен тағайындалдым. Бұл кезде шыны керек, бізде университеттік білім беру ісі қалыптаспаған. Сондықтан шет елдермен тығыз байланыс жасап, ғалымдарды тағылымдамаға жіберу, университеттің техникалық базасын нығайту, компьютерлік жобалау орталығын құру секілді кезек күттірмес жұмыстарды жеделдетіп қолға алдық.

Осылайша, тәуелсіздіктің арқасында уақыт талабына сай классикалық үлгідегі аймақтық көпсалалы университет құрылды. 2001 жылы университет мемлекеттік аккредитациядан, 2004 жылы Ресей мемлекеттік стандартының «сапа жүйесін тіркеудің техникалық орталығы» сертификаттау орталығы сертификаттау аудитінен өтті.

Университет 2005 жылы Еуразия-Тынықмұхит университеттерінің халықаралық желісіне мүшелікке енді. Мұнан соң Вильнюс қаласында Еуропалық ЖОО қауымдастығының мүшесі болды. 2005 жылы Болонья қаласында Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды. 2000 жылы университетте ҚР Ұлттық инженерлік академиясының Қызылорда филиалы ашылды. Мұнан кейінгі жылдары Инновациялық

жұмыстар орталығы, Жобалау-конструкторлық технологиялық бюро, екі ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды. Ғұлама ойшыл әл-Фараби: «Ғылыми жоқ елдің болашағы күмәнді» деген екен, барлық оқу орны секілді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті де әрқашан осы ұстанымды шамшырақ етіп алды.

Университет оқытушылар мен студенттері Ә.Марғұлан атындағы Археология институты, Ресей Ғылым академиясының Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты ғалымдарымен бірлесіп, Оғыз мемлекетінің астанасы ортағасырлық Жанкент қалашығының орнына археологиялық қазбалар жүргізді. Қаншама тарихи маңызы бар ескерткіштер зерттеліп, олар мемлекет қорғауына алынды. Бұл жұмыстар бүгінгі күні өз нәтижесін көрсетті және қазба жұмыстары онан әрі жалғастырылып келеді.

Сыр елі – қашаннан-ақ халық өнерін бойтұмарындай қастерлеген өңір. Аралда Нұртұған, Қармақшыда Жиенбай, Шиеліде Нартай мақамы деп аталатын үлгі мектептер қалыптасты. Осы үлгі өнерін өрістетіе түсу үшін 1998 жылы университетте «Дәстүрлі жыр-өнер» кафедрасы ашылды. Бұл кафедраның дамуы мен өрістеуіне әйгілі жырау, ұстаз Алмас Алматов ерекше еңбек етті.

Университет басқарып тұрғанда әрбір шығармашылық емтиханға Алмас Алматовпен, Шолпан Бейімбетоваман бірге өзім де қатысатынымын. Оның себебі, таланттардың теміріңаттың қакқан кезден көз алдында болғанын қалаймын. Оларды қолдаймын, «өнері оған елдің өзі де биік болатынын» білгендіктен, таланттардың тәрбиесіне, дамуына мән бермей тұра алмаймын. Тәуелсіздік жылдарында көптеген өнер өрендері көз алдымда өсті. Олардың ертең Сыр елінің атын шығаратын өнерпаздарға айналатынына сенетінімін және солай болды да.

Кеше ғана Н.Бекежанов театрында Тәуелсіздік мерекесіне орай салтанатты жиын өтті. Осы жиында облыс өнерпаздары үлкен концерт берді. Мен осыдан жиырма үш жыл бұрын өзім ашылуына мұрындық болған дәстүрлі жыр-өнердің классикалық үлгісіне осы кеште тағы бір мәрте куә болдым.

2011 жылы «Ғылым туралы» заң қабылданды. Ғалымдар ғылыми жобаларға қатысуға, орындауға мүмкіндік алды. Университетте 2012 жылы осы заң аясында мемлекеттің қаржыландыруымен 12 ғылыми жоба жүргізілді. Сонда біз осы мәселеде республика бойынша ЖОО-лар арасында төртінші тұрдық. Бұл үлкен жұмыс болды, біздің мүмкіндіктеріміз ҚазМҰУ-мен, Еуразия ұлттық университетімен, Қарағанды мемлекеттік университетімен салыстырмалы түрде төмен еді, олардан басқа ешкімді алға түсірмедік.

Университетке неге көбірек тоқталдым? Себебі, балаларымыздың көпсалалы оқу орынында заманына сай білім алып, әлемнің озық елдеріндегі біліммен терезе теңестіруі – тәуелсіздіктің сыйы.

Қазіргі кезде өңірімізде қызмет етіп жатқан, үлкен табыстарымен танылған азаматтардың сексен проценті осы білім қарашаңырағынан шыққан, мен осыны еске түсіргенде сөзсіз марқаймын.

1999 жылы қантар айында өткен ҚР Президенті сайлауында Президенттің Қызылорда облысы

бойынша сенімді өкілі болдым. 2005 жылы Президент сайлауын ұйымдастыру және қолдау қоғамдық штабына жетекшілік жасадым. Сол кездерде Арал мен Жаңақорған арасын үгіт-насихат тобымен аралап жүрдік. Сонда әрбір елді мекеннен университет тұлғалары кездесті. Бірі – ауыл әкімі, бірі – мектеп директоры, бірі – шаруашылық басшысы. Оларды көргенде өз басым төбем көкке жеткендей қуанамын. Солардың сол дәрежеде жүргеніне мысқалдай болса да үлесім бар екенін іштей сезінем.

– 2007-2011 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болдыңыз. Халқымыздың игілігіне қызмет еткен заңдарды қабылдауға қатыстыңыз. Осы жайында айта кетесіңіз?

– Мен Парламентте өткізген төрт жылымда сексеннен астам заңның қабылдануына қатысыппын.

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі болдым. Техникалық-кәсіптік білім беру туралы Парламенттік тыңдауды ұйымдастыру комитетін басқардым.

Еліміздегі барлық ГПУ, СІТУ-дың, яғни, кәсіптік білім беретін оқу орындарының колледж болып құрылуына күш салдық. Себебі, колледж – халықаралық мәртебесі бар оқу орны. Кәсіптік біліктілігіміз халықаралық стандартқа сай болуы керек. Анығырақ айтқанда, кәсіби біліктілік дәрежесін халықаралық еңбек стандарттарына сәйкестендірдік.

Сонымен бірге, жаңадан қабылданған ҚР Еңбек кодексінің, ҚР Ғарыш туралы заңының жұмыс тобына жетекшілік жасадым.

«Білім туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Назарбаев университеті мәртебесі туралы», «Назарбаев зияткерлік мектептері», «Назарбаев Қоры» Заңдарын дайындауға қатыстым.

– Жаңа сіз «дәстүрлі жыр-өнердің классикалық үлгісіне осы кеште тағы бір мәрте куә болдыңыз» делініз. Концерт сізге несімен ұнады?

– Мен қоғамдық іс-шаралардың сценарийін жазып, кейде режиссерлік міндетті де атқара беремін, мұны көпшілік біле бермейтін бір қырым десем де болады.

Бұл концерттің қоюшы режиссерінің жұмысы мықты болған. Бұл жолы оны Қызылорда Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрынан алдырыпты. Оған өзіміздің белгілі мәдениет қызметкері Әзіза Іздікұлованың жазған сценарийі үйлесіпті. Біз осы сценарий, режиссер мамандығына мән беруге келгенде жерлестерімізден қазіргі көрініп жүрген Оңталап Нұрмахановты айтуға болады.

Өзімізде бар өнерді жарқыратып көрсететін солар. Сыр елі – өнер қонған ел. Оны өнерпаздарымыз осы концертте барынша биік деңгейде, классикалық тұрғыда көрсете білді. Бұл концертте халықтық өнер де, салт-дәстүріміз де, би де, өнердің шыны аталатын опера да асқақтады.

«Дидар» би тобының орындауындағы шығармаларды әдеби одамен айтсақ – шедевр!

Осы би ансамблін құруға университет ректоры болып тұрған кезімде өзім тікелей бас болдым. Бұрын аты алысқа кеткен «Сыр сұлуы» қулаққа сіңісті еді, енді оның атын да, заманауи затын да жаңалау керек деген

қағидамыз болды. Сол ойымыз іске асты, «Дидар» да өз дидарын көрсете білді.

Рамазан Таймановпен тең келетін композитор елімізде некен-саяқ. Концертте Рамазаның әуені театрды кернеп тұрды.

Рекенді біз бүгінде университетке алдырдық, оның композитор ғана емес, музыка профессоры болғаны өзінен бұрын шәкірттерге қажет. Өйкені, әлі талай талант тәрбиелеу мүмкіндігі бар.

Сонымен бірге, Кеулімжай Ботабаевтың да еңбегін бөлек-жара айтуға болады. Ол – өте сауатты әрі кәсіби дирижер. Оның сиқырлы таяғынан тарайтын саз құлағында тұрып алады. Бұларды айтып отырған себебім, қолда барымызды бағалауымыз керек деген ойым.

Концерттің қоюшы режиссеры ғана сырттан келген. Басқасының бәрі – өз өнерпаздарымыз. Университет, музыкалық колледж, филармония – барлығы қосылғанда бір алып ансамбльге айналған.

Менің пікірім осы концертті сценарийін бұзбай кез келген сахнаға, шет елге де ұялай апарып қоюға болады. Шындап келгенде біздің тәуелсіздігіміздің көрінісі осы концерттен де көзге ұрып тұрды. Сахна сымбаты қандай, мың бұралған бишілердің сәні, дарынды дауыстардың әні, әдемі бәрі! Осының өзі – тәуелсіздігіміздің жемісі!

– Еліміздің қастерлі мерекесі кезінде тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына азаматтықпен, біліммен-ғылыммен аталысқан өзіңізбен сөз алысқанымыз біз үшін мәртебе. Сондықтан, сұрақтарымызға берген тұшымды жауаптарыңыз үшін алғыс білдірейміз.

Мерекке орай газет оқырманын, өзіңізді құрметтейтін, алыстан тілекші болып жүрген ағайындары құттықтау мүмкіндігіңіз бар.

– Елбасының сарабал саясатын жемісті жалғастырып, Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген, әлі қоғамға танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатымен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрін қымбат» мақаласында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынды. Мұны жастардың Отанға шексіз сүйіспеншілікпен қарап, халқына адал қызмет етуіне жол ашу деп бағалауға болады.

Ұлттың рухани тұтастығы мен ел бірлігін берік ұстанған Сыр халқы Елбасымен бірге татулықтың туын биік ұстап, ынтымақ деген қасиетті құндылықты парасат-пайымымен байыптап келеді. Мемлекеттік тілі – ана тіліне, дәстүрлі дініне, салт-дәстүріне, тарихи таным мен ілім-білімге құмар ізгі қасиеттерімен Сыр елін тұтастай қазақ болмысының алтын дінгінеге балауға болады. Елбасының «Сыр – Алаштың анасы» деп кеменгерлікпен айтқан сөзі бұған дәлел.

Тарихи ізденістерді ерекше қажет ететін, кейінгі ұрпаққа мирас болып қалатын асыл қазыналарды жарыққа шығару ісі қолға алынып, Сыр өңірі фольклоры антологиясының 1-томы «Жанқожа батыр» жырларының жарыққа шығуы – жастарымызды Отанын, ұлттың сүйген рухта тәрбиелеудің бір тәсілі. Өткенімізді зерделеп, тарихымызды саралайтын атаулы, мерейлі сәттердің бекітілген күнтізбесі бойынша іс-шаралар жоспарын жасап, оны жүзеге асыру жолында жүрген ғалымдарымызға, ұстаздарға, мәдениет өкілдеріне шығармашылық табыс тілеймін.

Ең алдымен жастарымыз аға ұрпақтың тәлімін бойға сіңіріп, аман-сау жүркін деймін. Елдің ертеңі – солар.

Біз – дана халқымыздың «Ырыс, қайда барасың, ынтымаққа барамын» деген тәмсіліне сүйенген ұрпақтың өкіліміз. Сондықтан ынтымағымызды қалдырп, кез келген сыннан сүрінбей өтіп, қоғамның талабын әрдайым ескеріп, межеленген жоспарлардың барлығын орындауға міндеттіміз.

Дала төсін дүбірлетіп, еңбек ырығымен елдің ырзығын жасап жүрген жандар аман болсын. Тайқазанымызды тасытып, еңбегіңіз жемісін көре берсін.

Еліміз есен-сау болып, әлемді әбігерге салған кесел келмесе кетсін!

Тәуелсіздігіміз жасасын, Мәңгілік ел мұратын биіктеге берейік!

– Аумин, айтқаныңыз келсін.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЯШҰ.ПЫ.

«Сыр бойы»



● МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕГЕРІ

Жауһар жырдың жалғасы

Сыр сүлейлері мұрасының бүгінгі жалғастырушысы, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының жыраулармен жұмыс секторының менгерушісі Майра Сәрсенбаева – дәстүрлі өнердің дамуына ерекше үлесін қосқан талант иесі. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталуы – оның өнер жолындағы қалтқысыз қызметінің айғағы.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Иә, «Сыр елі – жыр елі» дейтін канатты сөздің халық аузында жүргені бекерден-бекер емес. Шын мәнісінде, сонау Қорқыт бабамыздың мұраларынан бері қарай сүлейлер сарыны, жыраулар поэзиясы сабағы үзілмей жалғасып келеді. Айталық, аймақтағы жыраулық мектептер арасында Сыр бойындағы ақын-шайырлардың терме-киссаларын орындаушылардың, сондай-ақ, қобызшылардың облыстық байқаулары дәстүрлі түрде өтіп тұрады.

«Сүлейлер жолымен» атты облыстық байқау, «Кәусар бұлақ» республикалық дәстүрлі өнер фестивалі өз алдына, одан бөлек, қобызбен сүйемелдеп жыр айту арқылы ұлттық өнерді дәріптеу, жыр әлеміне жаңа есімдер шығару мақсатында «Жыр мұра» жобасы қолға алынды.

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында көптеген жұмыстар атқарылды. Соның бір көрінісі – күллі түркі әлеміне ортақ тұлға, ұлы ойшыл Қорқыт ата мұралары ЮНЕСКО тізіміне енгізіліп, әлемдік мәдени құндылықтар қатарынан орын алды. Осының нәтижесінде облысымыздың жеті ауданында қобыз үйірмелері ашылды. Сондай-ақ, биыл алғаш рет Сыр өңірінде «Қорқыт-Қобыз» атты республикалық қылқобызшылар мен қобызбен сүйемелдеп жыр айтушылар байқауы өтіп, дәстүрлі шараның біріне айналды.

Сыр сүлейлерінің өнерін насихаттау мақсатында Қармақшы ауданындағы Көшеней Рүстембекұлы атындағы Жыраулар үйі, аудандық әуез мектебі жанынан ашылған Сәрсенбай жырау атындағы жыр сыныбы, Арал ауданында Нұртуған шайыр мектебі, Шиелі ауданында Нартай жыр мектептері бар. Бүгінгі таңда бұл мектептерде 200-ден астам оқушы дәріс алады. Бір сөзбен



айтқанда, аймағымызда ұлттық құндылықтарды ұлықтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің берік негізі қаланған, – дейді Майра Сәрсенбаева.

КР Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Майра Сәрсенбаева бұл марапат халықтың өнерге деген ыстық ықыласы мен риясыз құрметінің айғағы екенін, сондықтан өзіне деген жауапкершілік пен сенімнің жүгі ауырлай түскенін айтты. Алдағы уақытта да халықтық өнер жолында қалтқысыз қызмет ете беретінін жеткізді.

Иә, өзіміз күеміз, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өзге салалар секілді мәдениет саласы да көп қиындықтарды бағынған өткерді. Мәдениет үйлері жөндеу көрмеді, музыкалық қондырғылар ескірген, сахналық бұйымдар жетпейтінін. Ал қазір бұл қиындықтардың барлығы артта қалды. Мемлекет тарапынан мәдениет саласы мамандарын әлеуметтік тұрғыдан қолдауға, рухани құндылықтарымызды насихаттауға, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға байланысты арнайы бағдарламалар қабылданып, жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.



Бүгінде қоғамның саяси өмірі мен мәдени шаралары жыл көлемінде көптеген мүмкіндіктерге жол ашып, еліміздегі жетекші партияның жаңа бастамаларына дем берді. Бұл бағыттағы жұмыстар әр жылдың басында нақтыланып, бағдарламаларды орындау мақсатында арнайы жоспар құрылады. Бұл жылы да осы үрдіс партияның басты ұстанымына айналды. Арал ауданы бойынша алдағы 5 жылды қамтыған «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы әзірленіп, ондағы міндеттерді орындаудың нақты іс-шаралары қамтылған Жол картасы бекітілді.

2021-2025 жылдар аралығын қамтитын аудандық Жол картасында бекітілген жоспарда 7 бағыт бойынша 98 шара қамтылған.

Осы аталған шаралардың ішінде биыл орындалуы қажет 74 шара бойынша ауданда ауқымды жұмыстар атқарылды.

Бүгінде өңірдің тұрақты экономикалық дамуын және ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін ауылшаруашылық құрылымдарына қолдау көрсету, еңбек өнімділігін арттыру жұмыстары жалғасуда. Бұл үшін мемлекеттік бағдарламалар және жеке инвесторлар есебінен жалпы құны 2,9 млрд теңге болатын, 200 адамды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндігі бар ас тұзын өндіретін жаңа Испан текының құрылысы салынып, таяу күндері іске қосылады деп күтілуде. Бұдан бөлек келесі жылға өтпелі негізде түйе сүтінен құрақ ұнтақ дайындау, кальцилендірілген сода өндіру зауыттарының құрылыстары жүргізілуде. Аталған зауыттар толық іске қосылғанда 2025 жылға қарай жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Алдағы бесжылдықта азық-түлік қауіпсіздігін қатамасыз ету мақсатында ауданда ірі кара мал санын 54074 басқа көбейту арқылы мал шаруашылығының дамуына және жем-шөп базасын

Жетекші партия ел сенімін ақтайды



құру мақсатында жоңышқа алқаптарын ұлғайту жұмыстары атқарылатын болады. Қосымша балық өнімдерін тереңнен өңдеу зауытын, қоғамдық тамақтану (50 адамға дейін) орнын салу жобалары жүзеге асырылып, аудан орталығынан әлеуметтік дүкен ашылады деп жоспарлануда.

Партия алға қойған міндеттердің бірі – тұрғындарды жұмыспен қамту және халықтың әл-ауқатын арттыру. Осы мақсатта шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау. Өндіріс пен қайта өңдеу және қызмет көрсету салалары бойынша жобалардың жүзеге асуы үшін «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында 377,9 млн теңгенің 37 жобасы субсидияланса, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 1 млрд теңгені құрайтын 2 жоба қаржыландырылды.

Аудан тұрғындарын таза ауызсу, сапалы жол, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарымен қамтамасыз ету – жетекші партияның сайлауалды бағдарламасында алға қойып отырған негізгі міндеттерінің бірі. Бұл бағытта 2020 жылы басталған 68 шақырым болатын облыстық маңызы бар «Самара-Шымкент-Қамыстыбас-Аманөткел-Бөген» автожолының 32,9-42 шақырым аралығына орташа жөндеу, Арал қаласындағы бірнеше көшелердің автомобиль жолын салу, қайта жаңарту жұмыстары жүргізілді. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Жақсықылыш-Тоқабай-Абай» (15-98,4 шақырым аралығы),

Тоқабай елді мекеніне кіреберіс (2 шақырым) автожолдары орташа жөнделуде.

Бағдарламада қамтылған негізгі міндеттердің бірі – халықты баспанамен қамту. Халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру мақсатында Арал қаласынан 4 пәтерлі 40 тұрғын үй құрылысы салынып, жерлесіміз, белгілі меценат Болат Өтемұратов қоры есебінен бөлінген қаржыға тұрғындарға тегін табысталды. Сонымен бірге аз қамтамасыз етілген көпбалалы отбасыларға арнап, тұрғын үй сатып алуға республикалық, облыстық бюджеттен 388,05 млн теңге бөлініп, 18 тұрғын үйдің (36 пәтер) құрылысы аяқталды. Жуық арада осы тұрғын үйлердің кілтін табыстау жоспарда тұр.

Бұған қоса, осы жылы 4 пәтерлі және 10 пәтерлі тұрғын үйге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жол картасында ауданда таза ауызсумен жабдықтау мәселелерін шешу де көзделген. Бұл жұмыстар аясында Арал қаласының №5 шағын ауданы, Қарашалаң, Аққулақ елді мекені сапалы ауызсу желісіне қосылды. Келесі жылға Арал қаласының №6, №7, №8 шағын аудандары мен Ақбасты, Абай – Тоқабай және Көктем елді мекендерін таза ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Тұрғындарға табиғи газ жеткізу жұмыстары бойынша Сексеуіл кентінде автоматтандырылған газ тарату станциясын орната отырып, «Бейнеу-Шымкент» магистральді газ құбыры арқылы кентке «көгілдір отын» жеткізуді жоспарлап отырмыз. Алдағы

уақытта елді мекендерді газдандыру кезең-кезеңімен жүргізілетін болады.

Ал, «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін сақтау» жобасының II кезеңін жүзеге асыру және «Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің атырабын қалпына келтіру» жобасын іске асыру бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Жол картасындағы медициналық қызмет көрсету, білім беру сапасы бойынша ауданда тиісті шаралар атқарылуда. Қазір аудандағы денсаулық сақтау саласының базасы заманауи үлгідегі жылжымалы медициналық кешен және компьютерлік томография орталығымен толықты.

Биыл Сексеуіл кентінде 300 орындық жаңа мектеп ғимараты пайдалануға берілді. Аудандағы білім саласындағы 2489 педагог кадрдың 2-уы – педагог-шебер, 267-сі – педагог-зерттеуші, 685-і – педагог-сарапшы, 454-і – педагог-модератор, бұл жалпы мұғалімдердің 52%-ін құрайды.

Мектептерді жаңа модификацияланған пәндік кабинеттермен (химия, биология, физика) жабдықтауда жақсы көрсеткіш бар. 2020 жылы 11 химия, 13 биология, 12 физика кабинеті жабдықталған. Жол картасы аясында қазіргі таңда облыстық білім басқармасынан қосымша қаржы бөлінуіне орай жаңа модификацияланған пәндік кабинеттермен жабдықтау жұмыстары жалғасын тауып, физика кабинетімен қамту 56%; химия кабинетімен 61%; биология кабинетімен қамту 61% құрады.

«Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасында нақты істерді орындауда бірқатар нәтижелерге қол жеткізді және бұл жұмысты жаңа бағыт – «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаларының жинақтығы аясында жалғастыратын боламыз. Бұл тұрғыда жетекші партияның өкілдері сенім үдесінен шығу үшін жұмыс жасайды.

Серік СЕРМАҒАНБЕТОВ,
«Nur Otan» партиясы
Арал аудандық филиалының
торағасы, аудан әкімі

Еңбектің лайықты бағасы

Талай жыл төккен тер мен еңбектің лайықты бағалануы кім-кімге де қуаныш сыйлары анық. Одан әрі жұмыс істеуге деген құлшыныстың артуына септігін тигізетіні және бар. Тәуелсіздіктің мерейлі мерекесі қарсаңында Сәбит Қошанов III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін алып, құрметке бөленді.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Ол «Қызылордажылу-электрорталығы» МКК мекемесінде 20 жылға жуық жұмыс істеп келеді. Бүгінде осы мекемеде бу қазандығының операторы. Еңбекке ерте араласқан Сәбит Олжабайұлы 17 жасында сүт комбинатына жұмысқа орнала-сады. Одан кейін төрт жылдай «Қызылордажылу-электрорталығы» МКК мекемесінде, «Қызылорда теміржол» локомотивінде бу қазандығының операторы болып жұмыс істеді. 2007 жылы «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК мекемесіне қайтадан жұмысқа шақыртылып, қазір осы жерде тұрақты еңбек етеді. Қаладағы көпқабатты үйлер мен бірқатар әлеуметтік мекеменің

жылумен қамтамасыз етілуіне жауапты маманның бірі. Жылу беру маусымында бұл мекемеде жұмыс қызады. Қыстың көзі қырауда бір сағат жылуысз қалудың өзін елестету қиын.

– Сондай сәттерде жауапкершілікті түсініп, түн ортасында еш қабақ шытпай жұмысқа шығатынбыз. Құрал-сайманның бәрі ескі. Жөктан бар жасап, ұқсата білдік. Бұрын бу қазандықтарында көмір, мазут жағатын едік. Қазір техниканың бәрі цифрландырылған. Бір жерден ақау шықса, дер кезінде біліп, хабардар боламыз. Жұмысымыз біршама жеңілдеді. Бүгінде бу қазандықтары «көгілдір отынмен» жылиды. Осының бәрі тәуелсіздіктің бізге берген сыйы деп түсінемін. Мереке қарсаңында мені марапатқа лайық деп танып, еңбегімді ескерген басшылыққа алғысымды айтамын, – дейді ол.

Марапат иесі төрт баланың әкесі, немерелерінің сүйікті атасы екенін де айта кетейік. Сексеннің төріне шыққан атанасының ақ батасы осындай құрметке бөленуіне себепкер болса керек. Сәбит Қошановтың жарымен отау құрғанына да 30 жыл толыпты. Тәуелсіз елдің қалыптасу, даму, жылдарында Қошановтар отбасы да өркен жайды. Ендеше елдіктің, тәуелсіздіктің бағасын жан-тәнімен түсінетін жігіт ағасының еңбегіне табыс тілейміз!

Б.Өтемұратов қоры жылы басынан бері атқарылған жұмыс пен алдағы жоспары туралы БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізді. «ZOOM» платформасы арқылы өткен баспасөз жиынында қор директоры Марат Айтмағамбетов жыл қорытындысы туралы айтса, Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, профессор Алмаз Шарман, кеңес мүшесі, ҚР Халық артисі Жәния Әубәкірова жаңа жобалар туралы әңгімеледі.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Қайырымды істің басындағы қор

Биыл қор денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және әлеуметтік саладағы жобаларға 3 миллиард теңге қаражат бөлен. Алмаз Шарман жүзеге асырылған 18 жобаға тоқталды. Оның ішінде «Аутизм. Барлығына бір әлем» жобасының кеңейтілуі, «Жасыл мектеп», «Jas Leader Akademiiasy», табиғи апаттардан зардап шеккендерге көмек көрсету және мұқтаж отбасыларды баспанамен қамтитын «Баламекен» жобасы жайлы айтты.

«Jas Leader Akademiiasy» жобасы балаларға қарым-қатынас жасау, команда болып жұмыс істеу, көпшілік алдында сөз сөйлеу және уақытты басқару дағдыларын дамытуға көмектеседі. Пилоттық жобаға Шымкент қаласы мен Түркістан облысының 50 мектебі қатысуда. Алдағы жылы Жамбыл, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Алматы облысының білім ошақтары қосылды. Бес жылға жоспарланған жобаның жалпы құны 2,1 миллиард теңгені құрайды. Сонымен бірге балаларға арналған «Жасыл мектеп» экологиялық жобасы Алматының 16 мектебінде басталып, онда «ақылды» тамшылатып суару, жарықтандыру, жылу жүйесі бар жылыжайлар салынды.

– Қор 5-7 сынып оқушыларына арналған оқулықтар, мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал шығарды. Енді балалар жылыжайдағы факультативтік сабақтарға қуана-қуана барады, – дейді А.Шарман.

Мұнан соң қор директоры Марат Айтмағамбетов қуаңшылық кезінде Арал ауданына мал азығын және жайылымдар мен шабындықтарды суару үшін ауыл шаруашылық техникасын сатып алуға 300 миллион теңге бөлінгенін айтты.

– «Баламекен» жобасы аясында Арал қаласындағы көпбалалы және мұқтаж отбасыға 40 жаңа пәтер алуға мұрындық болды. Қызылорда облысының әкімдігімен әуежайға жаңа заманауи терминал салу жөніндегі

ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құрылыс аяқталғаннан кейін терминал сағатына 300-ге жуық жолаушыға қызмет көрсетеді. Бұл оның қазіргі өткізу қабілетінен екі есе көп. «Қызылорданың қазіргі әуежайы кеңейтуді қажет етеді, аймақ қарқынды дамып келе жатыр, бұл инвесторларды, соның ішінде шетелдіктерді де қызықтырады. Жаңа әуе айлағы қала тұрғындары мен қонақтарының көңілінен шығатынына және бұл өңірге көбірек қонақ келуіне мүмкіндік беретініне сенімдіміз» деді қор директоры.

Сонымен бірге «Асыл Мирас» аутизм орталықтарының желісі кеңейгенін сөз етті. Жыл соңына дейін Нұр-Сұлтан, Алматы, Қызылорда, Өскемен, Ақтөбе, Орал, Шымкент, Петропавл және Павлодар қалаларындағы жұмыс істеп тұрған орталықтарға қосымша Таразда онының орталық ашылады. Келесі жылы Қарағандыда аутизм орталығы өз есігін ашады. Биыл 2 152 бала осы орталықтарда интервенция бағдарламаларынан өтті, осы уақыт ішінде 11 076 бала қамтылды.

Қазақстанның Қызыл Жарты айымен бірлескен «Көмек картасы» жобасы да жыласын табуда. Солтүстік Қазақстан және Қостанай облысындағы су тасқынынан зардап шеккен адамдар 53 миллион теңге көлемінде қаржылай көмек алды. Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласында болған орман өрті кезінде үйлері өртенген отбасыларға жалпы сомасы 30 миллион теңгеге «Көмек картасы» берілді.

Бағырхан Шөкенов атындағы қордың жобаларына қолдау көрсету де – міндеттердің бірі. Олардың қатарында «Отан Ана» альбомының шығарылуы, композиторларға арналған алғашқы музыкалық резиденцияның өткізілуін және музыкалық жоғары оқу орындары мен мектептердің дарынды студенттеріне атаулы шәкіртақы тағайындалуын айтуға болады.

Әділ төрелік үдесі

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Елбасы тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құруды демократиялық, құқықтық мемлекетті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде белгіледі.

2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің маңызды қадамы болды. Судьялардың әлеуметтік жағдайы қажетті деңгейде қамсыздандырылып, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Бұл заң тәуелсіз сот жүйесін жетілдіруге өз үлесін қосты. Қысқа уақыт аралығында мамандандырылған соттар құрылып, алқабилер институты енгізілді.

Сот жүйесін реформалау аясындағы оң өзгерістер облыстық соттада көрініс тапты. Тәуелсіз сот жүйесін құру бағытындағы бастама айтулы жаңалықтар мен серпілістер әкелді.

Еліміздің сот жүйесінде осы саланың беделін арттырып, қарапайым халықтың үдесінен шығу мақсатында қыуар жұмыс атқарылғанына барлығымыз күеміз. Біздің ең басты мақсатымыз – халықтың сотқа деген сенімін арттырып, тек заң шеңберінде әділ сот төрелігін жүзеге асыру. Жаңа өзгерістер осы мақсат үдесінен шығады деп нық сеніммен айтуға болады.

Камшат САДУАҚАСОВА,
Арал аудандық сотының
торағасы

● ТӘУЕЛСІЗДІК ТОПЖАРҒАНДАРЫ

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегері

Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген дарынды жастарға нақты қолдау ретінде «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындау қажеттігі айтылған болатын. Осыған орай жобалары үздік деп танылған бірқатар жас мамандар грант иегері атанды. Олардың қатарында жерлесіміз, Жалағаш ауданы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Айсана Намурадин де бар. Ол «Медиа» бағыты бойынша 3 млн теңге грант иеленді.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Марапатты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада табыстады. – Тәуелсіздік ұрпақтары – шын мәнінде жана Қазақстанның басты символдарының бірі. Еліміз дербес мемлекет болғаннан бері ойы еркін, рухы азат тұтас буын өсіп-жетілді. Тәуелсіздік перзенттерінің алдыңғы

толқыны ер жетіп, ел ісіне араласа бастады, – деді Президент. Айта кетейік, еліміздің 14-29 жас аралығындағы азаматтарына арналған грант өз мақсатына сәйкес белсенді, шығармашыл жастардың жобаларын, бастамаларын іске асыру, қолда бар жобаларды дамыту, сондай-ақ, ғылыми және қолданбалы зерттеулер



жүргізу бағытында жастарды оқыту үшін пайдалануға берілді. Айсана Намурадин М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжді, одан соң Абай атындағы Алматы

мемлекеттік университетін бітіріп, 2016 жылы өзі білім алған мектепке мұғалім болып орналасты. Ол мектеп қабырғасында жүргенде-ақ ағылшын тілін үйренуге құштар болатын. Өйткені ағылшын тілі – халықаралық тіл, оны білу арқылы кез келген адамға әлемдік ақпараттармен еркін танысуға мүмкіндік бар. Сондықтан ол осы тілді терең меңгеріп, шәкірттер тәрбиелеуді мақсат етті. – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысының қолынан марапат алу – мен үшін естен кетпес ерекше оқиға болды. Атап айтқанда, жастар арасында жана медиа-жобалар құру және шығармашыл жастардың идеяларын, ғылыми зерттеулерін жүзеге асыру бағытында ұсынған жобам қолдау тауып, 3 млн теңге көлемінде грант иелендім. Бұл марапатты алуыма өзім еңбек етіп жүрген ұжымның қолдауы, сондай-ақ, білікті де

тәжірибелі ұстаздардың маған артқан жауапкершілігі мен сенімі қанат бітірді. Алдағы уақытта жобаны өз деңгейінде жүзеге асырып, заманның жаңаша талаптарына сай жастардың ғылымға деген ықыласы мен ықпалын арттыра түсетін боламыз, – дейді ол. Айсана Намурадин бұған дейін де «Біргеміз сабақтастық бағыты» республикалық жобасының 300000 теңге, ҰЕҰ-дың ұйымдастыруымен өткен аз қамтылған отбасындағы балаларға ағылшын тілін тегін үйрету мақсатындағы жобаның 500000 теңге гранттарын иеленген болатын. Айта кетейік, ол еңбек ететін Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей көп жылдан бері орташа білім көрсеткішімен облыста ғана емес, республика көлемінде алдыңғы қатардан көрінгі келеді. Грант иегерін аудан әкімі Асылбек Шәменов қабылдап, құрмет көрсетті.

● ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Әркез құрметке лайық



Желтоқсан оқиғасы. Осы бір ауыз сөзде қаншама қасірет, қайғы-мұң, өзекті өртер өкініш жатыр десенізіші. Сол бір қасіретті күндерде қаншама жастың тағдырына бағта шабылды, қыршынан қиылды, тар қапасқа қамалды, өмір бойы дерттің азабын шекті, ұзақ жылға сотталды, оқудан шығарылды. Алайда алып империяның озбыр саясаты жалын жүректі жастардың сағын сындыра алған жоқ.

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Биыл Желтоқсан оқиғасына – 35 жыл. Қазақ халқының тарихында аса ауыр да өшпестей із қалдырған оқиғаға қатысушыларға құрмет көрсету, олардың ерлігін насихаттау – баршаға ортақ парыз. Әрі солай болып та жүр. Мұндай көрініс Қазалы өңірінде де айшықталып жүр.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев пен мәслихат хатшысы Бақытжан Жарылқап Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды арнайы қабылдап, ізет көрсетті.

– Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың ерлігі уақыт өткен сайын жадымызда жаңғыратын болады. Олардың сол қаһарлы күндердегі қайсарлығы ұмытылмақ емес, – деді аудан әкімі.

Ал Желтоқсан оқиғасына қатысушы, жерлесіміз Ұлбосын Алматы ауданда желтоқсаншылардың қоғамдық ұйымы құрылғанын айтып, оның төрағалығына Шарападин Кенжебаев ұсынылғанын жеткізді.

Мұнан соң Ш.Кенжебаев өзіне сенім білдірген азаматтарға алғыс айтып, алдағы уақытта бірлесіп атқаратын жұмыс көп екенін жеткізді. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов ізгі тілегін білдірді.

Басқосу соңында аудан әкімі Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды Алғыс хатпен марапаттап, сый-құрмет көрсетті.

Қазалы ауданы

Көрермен көңіліне көшкен қойылым

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Жасампаздыққа толы жылдар» атты мерекелік концертті жұртшылық зор ықыласпен қабылдаған болатын. Шынында бұл театрландырылған қойылым-концерт – елдің рухани өміріндегі айтулы оқиға. Оны ұйымдастыруға өңіріміздің мәдениет саласы мекемелері, барлық өнер ұжымдары атсалысты.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Іс-шараға барлығы 250-ге жуық адам қатысты. Қоюшы режиссері – Жұлдызбек Жұманбай. Атқарылған қыруар жұмыс, дайындық, репетиция бәрі де – сізбен біз біле бермейтін бейнеті бітпес шаруа. Айталық, музыкалық материалды дайындаған облыстық филармонияның Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, дирижері Кеулімжай Ботабаев, Мүсілім Әмзе, жетекшісі Самат Абылаев. «Сыр самалы» вокалды аспапты ансамблі, оның жетекшісі Әбдіхалық Мұстафаев. Сондай-ақ, Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледж бен М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің хор ұжымдары, олардың жетекшілері Рустам Рысмағамбетов, Сәуле Күздібаева. Бұдан бөлек, мәдениет мекемелерінен артистер, театр актерлары, сала қызметкерлері, дәстүрлі орындаушылар, жыршы-жыраулар қатысқан. Жаңадан қойылған билер арқылы Тәуелсіздік жылдарын бейнелеуге мүмкіндік берген «Томирис» би ансамблі, жетекшісі Гүлбану Мырзабаева. Дыбыс режиссерлері – Алексей Коваль, Марлен Бәйімбетов. Хореографтар – Замира Ыстықбаева, Айгерім Шағырова, Мөлдір Тойбазарова.

Сонымен қатар, суретші, дизайнер, видео-фото оператор, сахна қызметшілері, жарық режиссері, костюмер, реквизитор, амортизация, ұйымдастырушылар, жауаптылар... Расында бір ғана қойылымның артында үлкен еңбек, ауқымды жұмыс, қаншама адам тұр.



Мәдениет майталмандарының ауқымды шараға жұмсаған қыруар еңбегі қандай құрметке де лайық. Сондықтан, сахна сыртындағы, көрермен назарынан тыс тұстары туралы қойылымның бас ассистенті, сценарий авторы, облыстық филармония директорының орынбасары Әзиза Іздікұловадан сұрап білдік.

– Тәуелсіздік алғаннан кейін ел іргесін бекіту, Қазақстан Республикасын әлемге мойындату, таныту жолында қаншама жұмыс атқарылды. Ұлттың ұлт екені тілінен, дәстүрінен, тарихынан білінеді. Сондықтан қойылымдағы негізгі басымдықты ұлттық өнерге бердік. Бірақ ұлттық өнер тарихы деп тым әріге кетпей, 30 жылдағы жетістігіне тоқтайық делдік. Осы уақыт ішінде қазақ өнері жаңа сипатқа ие болды. Бұл – заманның заңдылығы. Ештеңе де бір қалыпта қалмайды. Мысалы, қазір ұлттық киіміміздің өзі жаңа келбетке ие. Айта берсен көп. Сондықтан өнердің жаңғырған сипатын сахнаға алып шығайық деген мақсат болды, – дейді Әзиза Іздікұлова.

Ол кісінің айтуынша, қойылым идеясы «Сәлем, Елорда!» фестивалінде туған. Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының ұйымдастыруымен өткен фестиваль аясында «Ала-

тау» дәстүрлі өнер театрының концертін тамашалаған облыстық филармония директоры Талғат Макашев сол кезде-ақ концерттің режиссері әрі аталған театрдың бас режиссері Жұлдызбек Жұманбайды шақыру туралы ойын ортаға салған. Ұсыныс облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Аскарбек Есжанов тарапынан қолдау тапқан. Осылайша, сол концертке ұқсас қойылым жасау үшін оның режиссері арнайы келіп жұмыс істеді.

Көптеген ой ортаға салынды. Өнер саласының бай репертуарлық базасын көрсете алатын дүниелер таңдап алынды. Қазақ өнері дегенде ойымызға сал-серілер, жыраулық, дәстүрлі өнер, би өнері, қасиетті қобыз, айтыс келетіні белгілі. Сондықтан, қойылымда 30 жылдағы Сыр өңірінің жетістіктері ғана емес, барша қазақ елінің қуанышы көрініс тапқан.

– Еліміздің барлық аймағының шығармашылығын қамтуға тырыстық. Дәстүрлі әншілеріміз Батыс, Арқа, Жетісу, Алтай-Тарбағатайдың аманатын сазды сөлем етіп жеткізді. Сыр елі дегенде жыраулық өнермен қатар, Сыр әндері шырқалып, оған қобыз үні қосылды. Осының барлығын бір-бірімен байланыстырып, бүтін дүние жасадық, – дейді Ә.Іздікұлова.

Тағы бір айта кетерлігі, қойылым-концерт барысында фонда ойнатылған әрбір ән мен күйдің өзінің терең астары бар. Сондықтан ондағы Түркештің «Көңілашары», Құрманғазының «Сарыарқасы», елдің ерлік болмысын танытқан «Жорықта» күйі, «Хан Кене», «Нартай сазы» күйлері, осылардың әрқайсысы көрерменнің өз иіріміне тартады.

Қойылым үш онжылдыққа бөлінген. Алғашқы онжылдықта он жа-

сар Ерәли шығып, егемендігін енді алған мемлекетіміздің қалыптасу кезеңі туралы айтады. Сол сәт «Көк тудың желбірегені» әні шырқалып, алғашқы онжылдық бүтінгінің әні арқылы кезеңмен байланысады. Екінші онжылдық жиырмадағы жігіт пен қыздың диалогы арқылы берілген. Ал, үшінші кезең – орда бұзар жастағы жігіттің өткен жылдарға ой бұрған сәті. Сонда оған әке деп алдынан шыққан кішкентай қыз – ұрпақ жалғастығы, нұрлы болашаққа сенім көрінісі сияқты. Тәуелсіздік жылнамасы қамтылғаны өз алдына, концерттің негізгі нүктесі – осы үшеуінде.

Қазақтың төл өнері – айтыс десе, Мұқан Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсының көрінісі үш мәрте «Алтын домбыра» иегері, айтыстың ақтангері Мұхтар Ниязов пен Нұрзат Қарудың қыз бен жігіт айтысына жалғасуы да – ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі.

Жүргізуші сөзіне мән берсек, мемлекетіміздің тұрақтылығын сақтап қалу – жас буынға аманат. Сол сәтте жас ұрпақ: «Сүйініштіңмін, сүйенішің болып өтермін. Ар алдында аманатқа аңтым сол, болашаққа байрағыңмен жетемін!» дейді.

– Қойылымда әр сөзге мән берілді. Шараның жауапкершілігі өте үлкен, одан күткеніміз де жоғары болды. Өзім үшін де Тәуелсіздіктің орны бөлек. Осы 30 жылға бар жастығымызды, жігерімізді бердік. Олай дейтінім, мен 1991 жылы оқуға түсіп, оны 1995 жылы бітірдім. Салаға енді келген кезім еді. Мемлекет болып қалыптасуымыздың алғашқы кезеңі. Халықтың ойын өзгерту, тегіне, тарихына бетін бұру оңай нәрсе емес. Сол жылдары өнер адамдары жанкешті жұмыс жасады. Сондықтан бұл қойылым – Сыр елінің өнер ұжымдарының ерлігі. Ауызбіршіліктің арқасында біткен жұмыс, – дейді Әзиза Іздікұлова.

«МАҒЖАН И К» ЖШС сапалы әрі мол өнім алуға болатын күріштің «Элита», «1-репродукция» және жонышканың «Жетісулық жергілікті», «Түркістан-15» тұқымдарын ұсынады. Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG

(10-8)